

## Ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу және ауыл шаруашылығы саласында техникалық және кәсіптік білімнің кәсіби стандарттарын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 20/460 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 28 қарашада № 8929 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 393 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.12.2020 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5-бабына сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

#### 1. Бекітілсін:

1) "Ауыл шаруашылығын механикаландыру" қызмет түрі бойынша осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес техникалық және кәсіптік білімнің кәсіби стандарты;

2) "Ауылшаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу" қызмет түрі бойынша осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес техникалық және кәсіптік білімнің кәсіби стандарты;

3) "Агрономия" қызмет түрі бойынша осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес техникалық және кәсіптік білімнің кәсіби стандарты;

4) "Дәнді сақтау және өңдеу" қызмет түрі бойынша осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес техникалық және кәсіптік білімнің кәсіби стандарты;

5) "Ет және ет өнімдерін өндіру" қызмет түрі бойынша осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес техникалық және кәсіптік білімнің кәсіби стандарты;

6) "Сүт өнімдерін өндіру" қызмет түрі бойынша осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес техникалық және кәсіптік білімнің кәсіби стандарты;

7) "Азық-түлік өнімдерін өндіру" қызмет түрі бойынша осы бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес техникалық және кәсіптік білімнің кәсіби стандарты.

2. Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (Хасенов С.С.), Қайта өңдеу және азық түлік нарығы департаменті (Ахметов Ш.И.) Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіп бойынша кәсіби стандарттарды енгізу үшін шаралар қабылдасын.

#### 3. Әлеуметтік саясат басқармасына (Лепешко С.С.):

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуі бекітілген тәртіпте қамтамасыз етілсін;

2) мемлекеттік тіркеу өткеннен кейін, осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының жауапты вице-министріне жүктелінсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап, күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

"Келісілген"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі

Т. Дүйсенова \_\_\_\_\_

2013 жылғы 21 қазан

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы Министрінің  
2013 жылғы 30 қыркүйектегі  
№ 20/460 бұйрығының  
1-қосымшасы

## **"Ауыл шаруашылығын механикаландыру" кәсіби стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

#### 1. Кәсіби стандарт:

еңбек нарығының қазіргі заман қажеттілігіне жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға, кәсіби қызметтің мазмұнына бірыңғай талаптарды анықтауға;

қызметкерлерді басқару саласында кең шеңбердегі міндеттерді шешуге;

білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сонымен қатар тиісті оқу–әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

кәсіби даярлықтарын бағалауды жүргізуге және мамандардың біліктілік сәйкестігін растауға арналған.

#### 2. Кәсіби стандарттардың негізгі қолданушылары:

білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, ұйымдардың қызметкерлерді басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

кәсіптік даярлықтарын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. Кәсіби стандарттардың негізінде қызметтің, лауазымның, біліктілікті арттырудың, қызметкерлерді аттестаттаудың, еңбекті ынталандыру жүйесінің және тағы басқалары функционалдық модельдеріне қатысты ішкі, корпоративтік стандарттары әзірленуі мүмкін.

4. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір қызмет түрі шеңберінде еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болуы;

2) біліктілік деңгейі/біліктіліктің деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы;

3) еңбек мәні – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;

4) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиыны мен құрамдастырылған кәсіби қызмет саласының құрама бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

7) кәсіптік қызмет саласы – біріккен ортақ (ұқсас және қызметі жақын объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) негізі бар және оларды орындау үшін ұқсас құзыреттер жинағы бар сала қызметі түрлерінің жиынтығы негізгі және қосалқы атқарымдарды іске асыруды көздейтін сала қызметінің бір бөлігі;

8) кәсіби стандарт – кәсіптік қызметтердің нақты саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына және қызметкер құзыретіне қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

9) кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі; кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

11) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдастырушылық-әкімшілік жүйесіндегі функционалдық орын;

13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

14) сала – бір типті өнім кұруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдық карта – әр түрлі кәсіптік қызметтер саласында немесе шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын қызмет түрлерінің, атқарымдары мен міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы.

5. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

КҚ – кәсіптік қызмет;

ҚТ – қызмет түрі;

КС – кәсіби стандарт;

ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

БТБА – Қазақстан Республикасы жұмыс және жұмысшылар кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамасы;

ШРК – шектеулі рұқсат етілген концентрациясы;

МШФМ – мал шаруашылығы фермаларының механикаландыруы.

## **2. Кәсіби стандарттың паспорты**

6. Экономикалық қызметтің түрі (кәсіптік қызмет саласы): Ауыл шаруашылығы.

7. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты : ауылшаруашылық техникасын жөндеу және профилактикалық техникалық қызмет көрсету, мал санын, механизация құралдарын анықтау, мал өсіру кешендерінде, фермалардағы жұмысты ұйымдастыру.

Кәсіби стандарт "Ауыл шаруашылығын механикаландыру" кәсіптік қызмет саласында еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына, қызметкердің біліктілігі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды айқындайды.

8. Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы Кәсіби стандартының 1-қосымшасында көрсетілді.

9. Стандарт талаптары осы саланың мынадай қызмет түрлері мен кәсіптеріне қатысты қолданылады:

темір ұстасы–жөндеуші;

мал өсіру кешендерінің және механикаландырылған фермелер операторы;

агроөнеркәсіптік кешенінің техник-механигі;

көп еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі техник.

### **3. Еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкасы**

#### **Параграф 1. Темір ұстасы–жөндеуші**

10. СБШ – 2 – 3 бойынша біліктілік деңгейі.

11. Мүмкін болатын лауазым атауы: темір ұстасы–жөндеуші.

12. "Темір ұстасы–жөндеуші" ауыл шаруашылығы техникасын дайындау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі кәсібі субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

13. Темір ұстасы – жөндеушінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

14. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

15. Темір ұстасы - жөндеушінің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

16. Темір ұстасы – жөндеушінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 5, 6 кестесінде көрсетілді.

#### **Параграф 2. Мал өсіру кешендерінің және механикаландырылған фермалар операторы**

17. СБШ – 2 – 3 бойынша біліктілік деңгейі.

18. Мүмкін болатын лауазым атауы: мал өсіру кешендерінің және механикаландырылған фермалар операторы.

19. "Мал өсіру кешендерінің және механикаландырылған фермалар операторы", малды машина және механизмдердің көмегімен өсіру жұмыстарын орындау жөніндегі кәсібі субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

20. Мал өсіру кешендерінің және механикаландырылған фермалар оператордың еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

21. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

22. Мал өсіру кешендерінің және механикаландырылған фермалар оператордың орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

23. Мал өсіру кешендерінің және механикаландырылған фермалар оператордың құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 5, 6 кестелерінде көрсетілді.

### **Параграф 3. Агроөнеркәсіптік кешенінің техник-механигі**

24. СБШ – 3 – 4 бойынша біліктілік деңгейі.

25. Мүмкін болатын лауазым атауы: агроөнеркәсіптік кешенінің техник – механигі.

26. "Агроөнеркәсіптік кешенінің техник – механигі", ауыл шаруашылығы техникасын дайындау, басқару, техникалық қызмет көрсету, пайдалануы мен жөнделуіне бақылау жасау, персоналды басқару жөніндегі кәсіби субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

27. Агроөнеркәсіптік кешенінің техник-механиктің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

28. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

29. Агроөнеркәсіптік кешенінің техник-механиктің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

30. Агроөнеркәсіптік кешенінің техник-механиктің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 5, 6 кестесілерінде көрсетілді.

## Параграф 4. Көп еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі техник

31. СБШ – 3 – 4 бойынша біліктілік деңгейі.

32. Мүмкін болатын лауазым атауы: көп еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі техник.

33. "Көп еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі техник" азық дайындау, механизация құралдарын анықтау, мал өсіру кешеніндегі, фермадағы жұмысты ұйымдастыру жөніндегі кәсіби субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 5–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

34. Көп еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі техниктің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 5–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

35. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 5–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

36. Көп еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі техниктің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 5–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

37. Көп еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі техниктің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 5–қосымшасының 5, 6 кестелерінде көрсетілді.

"Ауыл шаруашылығын  
механикаландыру"  
кәсіптік стандартының  
1-қосымшасы

## Қызмет, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері

Рет. №	Қызмет түрінің Атауы	Еңбек нарығының үрдістерін ескерумен кәсіптің атауы	ҚР 05 – 2008 МС мемлекеттік кәсіптер жіктеуішісіне сәйкес кәсіптер атауы	СБШ біліктілік деңгей
1	Ауыл шаруашылығы техникасын дайындау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Темір-ұстасы жөндеуші	Көп еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі техник, темір-ұстасы жөндеуші	2-3
2		Мал өсіру кешені және		2-3

	Малды машина және механизмдердің көмегімен өсіру жұмыстарын орындау	механикаланған фермалар операторы	Мал өсіру кешені және механикаланған фермалар операторы, шебер, реттеуші	
3	Ауыл шаруашылығы техникасын дайындау, басқару, техникалық қызмет көрсету, пайдалануы мен жөнделуіне бақылау жасау, персоналды басқару	Агроөнеркәсіптік кешенінің техник-механигі	Агроөнеркәсіптік кешенінің техник-механигі	3-4
4	Мал өсіру мен азық өндіру машиналары мен механизмдерін дайындау, профилактикалық, техникалық қызмет көрсету, персоналды басқару	Көп еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі техник	Агроөнеркәсіптік кешенінің техник-механигі, мал өсіру кешені және механикаланған фермалар операторы, шебер, реттеуші	3-4

"Ауыл шаруашылығын механикаландыру" кәсіптік стандартының 2-қосымшасы

## 1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтердің жіктеуіші" 01-2005	
Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші	
Базалық топ	7233
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
Б Т Б А шығарылымы, бөлімі	Шығарылым 2 "Темір-ұстасы және темір-ұсталық жинау жұмыстары" 1 наурыз 2012 жыл № 66 – ө – м (ӘМ № 7478 19.03.2012)
БТБА бойынша кәсіп	Темір ұстасы – жөндеуші
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары
2	2 – 4
3	5 – 8
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар

## 2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс	Ауылшаруашылық техникасы станциялары, ауылшаруашылық техникасына техникалық қызмет көрсететін компаниялар, машина-трактор парктері және жөндеу
-----------------------------------	--



орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	мен техникалық қызмет көрсетуге арналған шеберханалар. Жерді өңдеу бойынша ауылшаруашылық құрамалары, қоғамдық және ауылшаруашылық құрылыстар, ауыл жолдарын жайластыру	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Температуралық режим. Ауыр техниканың айналма элементтері. Биіктікте жұмыс істеу, ауыр көтеру. Электр қуаты, шу, шаң, қышқылдар, сілтілер, аллергиялар. Жанар-жағар майлар, пестицидтер мен түрлі нысандағы қауіпті химиялық заттар. Зиянды заттар немесе газдардың ШРК арттыру мүмкіндігі. Стресс-факторлар, әсіресе астықты отырғызу және жинау кезеңінде	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізуші, тракторшы, машинист куәлігі	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық және кәсіптік білім мен практикалық жұмыс тәжірибесі	Талап етілмейді
4	Техникалық және кәсіптік білім	СБШ 2-деңгейінде 2 жыл

### 3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

Еңбек функцияларының №	Еңбек функцияларының атауы (кәсіби стандартының бірліктері)
1	Жұмыс машиналары мен механизмдерін таңдау, қабылдау және жұмысқа қосу
2	Түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу және профилактикалық техникалық қызмет көрсету
3	Жою, жөндеу жұмыстарының сапасын талдау жасау

### 4 Кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Ауылшаруашылық мақсаттағы құралдар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, автокөліктер, трактор, комбайндар	Салқындатуға арналған сұйықтықтар, жанар-жағар майлар, компьютерлер мен компьютер құралдары, диагностика мен бақылау құралдары, механикалық бақылау-өлшеу аспаптары	1-1) Трактор, комбайн, аспалы, тіркемелі агрегаттар визуалдық тексеру және таңдау
			1-2) Аспалы, тіркемелі агрегаттарды құрастыру және орнату және қозғалтқыш пен жабдықтың тиімді режимдерін анықтау
2	Ауылшаруашылық мақсаттағы құралдар, механикаланған агрегаттар, аспалы,	Салқындатуға арналған сұйықтықтар, жанар-жағар майлар, компьютерлер мен компьютер құралдары,	2-1) Әртүрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу
			2-2) Әртүрлі ауылшаруашылық

	тіркемелі жабдықтар, автокөліктер, трактор, комбайндар	диагностика мен бақылау құралдары, механикалық бақылау-өлшеу аспаптары	техникасы түрлеріне профилактикалық және техникалық қызмет көрсету
3	Ауылшаруашылық мақсаттағы құралдар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, автокөліктер, трактор, комбайндар	Салқындатуға арналған сұйықтықтар, жанар-жағар майлар, компьютерлер мен компьютер құралдары, диагностика мен бақылау құралдары, механикалық бақылау-өлшеу аспаптары	3-1) Машина және механизмдердің жұмысқа дайындығын тексеру, машина, механизмдердің жұмыс параметрлерін диагностикалау және бақылау, жою 3-2) Агрегаттар мен механизмдерді құрастыру және жөндеу қорытындыларына талдау жасау 3-3) Ақауларды жою және жұмысқа қосу

### 5 Кесте. СБШ 2–деңгейі темір ұстасы–жөндеушісі құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
1-1)	Ауылшаруашылық техникасын, тракторларды, тіркемелерді және аспалы жабдықты тексеру кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Техникалық және агроклиматтық талаптарды ескерумен машина комбинацияларын таңдау және ұйымдастыру	Трактор, комбайн, және механикалық жетекті машиналардың құрастырмасы, мақсаты, атқарымы, пайдалану саласы және пайдалану сипаттамалары бойынша сыныптау
2-1)	Түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Ауылшарушылық техникасы қозғалтқыштары мен жүйелерін жинау және бұзу. Машиналарды пайдалану барысында ақауларды анықтау және оларды құжаттау	Механизмдер жүйелерінің, пайдалану параметрлерінің жұмыс режімі принциптерінің және доңғалақты, шынжыр табан трактор, комбайн және моторлы көлік құралдарының сипаттамалары

### 6 Кесте. СБШ 3–деңгейі темір-ұстасы жөндеушісі құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
	Құрастыру, жұмыс режімдерін орнату бойынша міндеттерді орындау кезіндегі жауапкершілікті, бағынышты қызметкерлердің	Дайындықты жүзеге асыру, ауылшаруашылық техникасын құрастыру,	Аспалы жабдықты, құралдарды қауіпсіз орнату, құрастыру, бөлшектеу, өңдеу, тиеу,

1-2)	міндеттерді өз еркімен белгілеуін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	реттеу, бөлшектеу және сақтау	төсеу, түсіру және сақтау бойынша жұмыс рәсімдері мен кезеңдерінің сипаттамасы
2-2)	Түрлі ауылшаруашылық машинасына профилактикалық және техникалық қызмет көрсету кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Ауылшаруашылық техникасы қозғалтқыштары мен жүйелерін жинау және бұзу. Машиналарды пайдалану, барысында ақауларды анықтау және оларды құжаттау, ақау актілерін толтыру	Механизмдер жүйелерінің, пайдалану параметрлерінің, жұмыс режимі принциптерінің және доңғалақты, шынжыр табан трактор, комбайн және моторлы көлік құралдарының сипаттамалары
3-1)	Машина және механизмдердің жұмысын тексеру, машина, механизмдердің жұмыс параметрлерін диагностикалау, бақылау және ақауларды жою бойынша қойылған міндеттерді орындау кезіндегі жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Машиналарды пайдалану кезіндегі кемшіліктер мен ақауларды анықтау. Бақылау-өлшеу аспаптарының аспап панельдерін баптау	Мотор көлік құралдарының және басқа өзі жүретін ауылшаруашылық жабдығының механизмдерінің және автоматты басқару мен дабыл жүйелерінің, сенсорлық технологияларының сипаттамасы
3-2)	Агрегаттар мен механизмдерді құрастыру және жөндеуге талдау жасау, жөндеу жұмыстарының сапасын тексеру кезінде шектеулі жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Пайдалану параметрлерінің мониторингі, бақылау және түзету	Механикалық жетекті көлік құралдарының, ауылшаруашылық машиналарының, тіркемелердің, аспалы жабдықтың, агрегаттардың атқарымдық механизмдері мен пайдалану параметрлері жүйелерінің, жұмыс принциптері және режимінің сипаттамасы
3-3)	Ақауларды жою және жұмысқа қосу кезіндегі жауапкершілікті, бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Ауылшаруашылық техникасын пайдалану кезінде техникалық бұзушылықтарды, апаттар мен инциденттердің себептерін анықтау. Басшыларға сапаны қамтамасыз ету шараларына сәйкес стандартты рәсімдерді жақсарту бойынша ұсыныстар беру	Ауылшаруашылық техникасының қауіпсіз, тиімді жұмысын бақылау, механизмдер мен қондырғыларға мониторинг жүргізу мен бақылау әдістерінің сипаттамасы

"Ауыл шаруашылығын  
механикаландыру"  
кәсіптік стандартының  
3-қосымшасы

## 1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтердің жіктеуіші" 01 – 2005	
Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші	
Базалық топ	8331
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
Б Т Б А шығарылымы, бөлімі	Шығарылымы 64 "Мал өсіру шаруашылығындағы жұмыстар мен жұмысшылардың кәсіптері" 1.11.2012 ж. № 422-ө-м (ӘМ № 8089 23.11.2013 ж.)
БТБА бойынша кәсіп	Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалар операторы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары
2	2 – 4
3	5 – 6
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
-	
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар

## 2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Ет, сүт, тауарлық мал өсірумен айналысатын ауылшаруашылық құрамалары, қосалқы шаруашылықтар (мал өсіру фермалары мен механикаланған кешендері, ашық және жабық мал семірту орындары)	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Температуралық режім. Ауыр техниканың айналма элементтері. Биіктікте жұмыс істеу, ауыр көтеру. Электр қуаты, шу, шаң, қышқылдар, сілтілер, аллергиялар. Жанар – жағар майлар, пестицидтер мен түрлі нысандағы қауіпті химиялық заттар. Зиянды заттар немесе газдардың ШРК арттыру мүмкіндігі. Стресс – факторлар, әсіресе астықты отырғызу және жинау кезеңінде	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
2	Жалпы орта білімі болғанда қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту	Оқу кезінде
3	Жалпы орта білімі болғанда қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту	СБШ 3-деңгейде 1 жыл

### 3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

Еңбек атқарымының №	Еңбек атқарымының атауы (кәсіби стандартының бірліктері)
1	Мал басын және күту құралдарын таңдау, қабылдау, бөлу, механизмдерді орнату және реттеу, МЖФ жабдығын пайдалану, механизмдердегі ақауларды жою
2	Мал басын, механизация құралдарын анықтау, мал өсіру кешеніндегі, фермадағы жұмысты ұйымдастыру
3	Машина мен механизмдердің жұмысын көзбен шолып тексеру, жұмыс параметрлерін, сапасын, агрегаттарды, жөндеу жұмыстарын диагностикалау. Малды ұстау мен азықтандыру талаптары, тұқымдық есеп талдауы, алынған өнімді талдау, малдың өнімділігін арттыру әдістерін білу

### 4 Кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

Еңбек атқарымының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-қимылдар)
1	Ауылшаруашылық мал басы, ірі мал, қой, ешкі, жылқы, шошқа және олардың төлі	Мал өсіру кешендерінің механизация құралдары, жабдығы, автосуарғыштар, сауатын қондырғылар, азық таратқыштар, көң шығаратын транспортерлер, электр жарығы мен жарағы	1-1) Мал басын және күту құралдарын таңдау, қабылдау, бөлу, механизмдерді орнату және реттеу, МЖФ жабдығын пайдалану, механизмдердегі ақауларды жою
2	Ауылшаруашылық мал басы, ірі мал, қой, ешкі, жылқы, шошқа және олардың төлі	Мал өсіру кешендерінің механизация құралдары, жабдығы, автосуарғыштар, сауатын қондырғылар, азық таратқыштар, көң шығаратын транспортерлер, электр жарығы мен жарағы	2-1) Мал басын және күту құралдарын таңдау, қабылдау, бөлу, механизмдерді орнату және реттеу, МЖФ жабдығын пайдалану, механизмдердегі ақауларды жою
3	Ауылшаруашылық мал басы, ірі мал, қой, ешкі, жылқы, шошқа және олардың төлі	Мал өсіру кешендерінің механизация құралдары, жабдығы, автосуарғыштар, сауатын қондырғылар, азық таратқыштар, көң шығаратын транспортерлер, электр жарығы мен жарағы	Мал басын және күту құралдарын таңдау, қабылдау, бөлу, механизмдерді орнату және реттеу, МЖФ жабдығын пайдалану, механизмдердегі ақауларды жою

### 5 Кесте. СБШ 2-деңгейі мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалар операторы құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
	Мал басын және күту құралдарын таңдау, қабылдау,	Кезекшілік атқару кезінде	Мал өсіру, анатомия және физиология негіздері, азықтың

1-1)	бөлу, кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	ауылшаруашылық мал басын қабылдап алу және сақталуын қамтамасыз ету, қажет болса, сою. Ауырған малды азықтандыру, суару	негізгі түрлері, олардың құндылығы, азықтандыру мен суару нормалары мен режимдері, өндірістік процестерді механикаландыру кезінде малды ұстау жағдайларына қойылатын талаптар
2-1)	Мал басын, механикаландыру құралдарын және жұмысты ұйымдастыру кезінде жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Механикаландыру құралдарын техникалық пайдалану ережелері, ең көп тараған аурулардың белгілері және ауырған және зардап шеккен малға алғашқы көмек көрсету негіздері	Мал өсіру фермаларының механикаландыру жабдығын дайындау, құрастыру, реттеу, бөлшектеу және сақтауды жүзеге асыру

## 6 Кесте. СБШ 3-деңгейі мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалар операторы құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
3-1)	Машина мен механизмдердің жұмысын тексеру, алынған өнімді есепке алу және малдың өнімділігін арттыру әдістерін талдау кезіндегі жауапкершілікті және өз бетімен жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Малды күту, азықтандыру, ұстау ережелері. Механизмдерді, зарарсыздандыру қондырғыларының құрылымы мен техникалық пайдалану ережелері	Азықтандыру және ұстау шарттары, механизмдер жұмысы

"Ауыл шаруашылығын механикаландыру" кәсіптік стандартының 4-қосымшасы

## 1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтердің жіктеуіші" 01 – 2005	
Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші	
Базалық топ	3115
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	-
БТБА бойынша кәсібі	Агроөнеркәсіптік кешенінің техник–механигі
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар

	Техник	Механик
3	-	-
4	-	-
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары		
СБШ біліктілік деңгейі		Санаттар

## 2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Ауылшаруашылық техникасы станциялары, ауылшаруашылық техникасына техникалық қызмет көрсететін компаниялар, машина-трактор парктері және жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге арналған шеберханалар. Жерді өңдеу бойынша ауылшаруашылық құрамалары, қоғамдық және ауылшаруашылық құрылыстар, ауыл жолдарын жайластыру	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Температуралық режим. Ауыр техниканың айналма элементтері. Биіктікте жұмыс істеу, ауыр көтеру. Электр қуаты, шу, шаң, қышқылдар, сілтілер, аллергиялар. Жанар-жағар майлар, пестицидтер мен түрлі нысандағы қауіпті химиялық заттар. Зиянды заттар немесе газдардың ШРК арттыру мүмкіндігі. Стресс-факторлар, әсіресе астықты отырғызу және жинау кезеңінде	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізуші, тракторшы, машинист куәлігі	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық және кәсіптік білім мен практикалық жұмыс тәжірибесі	Талап етілмейді
4	Техникалық және кәсіптік білім	СБШ 2-деңгейінде 2 жыл

## 3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

Еңбек атқарымының №	Еңбек атқарымының атауы
1	Жұмыс машиналары мен механизмдерін таңдау, қабылдау және жұмысқа қосу
2	Түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу және профилактикалық техникалық қызмет көрсету
3	Жою, жөндеу жұмыстарының сапасын талдау жасау

## 4 Кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттері (еңбек іс-қимылдары)

1	Ауылшаруашылық мақсаттағы құралдар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, автокөліктер, трактор, комбайндар	Салқындатуға арналған сұйықтықтар, жанар-жағар майлар, компьютерлер мен компьютер құралдары, диагностика мен бақылау құралдары, механикалық бақылау-өлшеу аспаптары	1-1) Трактор, комбайндар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтарды сыртынан шолып тексеру және таңдау 1-2) Аспалы, тіркемелі агрегаттарды құрастыру және орнату және қозғалтқыш пен жабдықтың тиімді режимдерін анықтау
2	Ауылшаруашылық мақсаттағы құралдар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, автокөліктер, трактор, комбайндар	Салқындатуға арналған сұйықтықтар, жанар-жағар майлар, компьютерлер мен компьютер құралдары, диагностика мен бақылау құралдары, механикалық бақылау-өлшеу аспаптары	2-1) Түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу 2-2) Түрлі ауылшаруашылық техникасы түрлеріне профилактикалық техникалық қызмет көрсету
3	Ауылшаруашылық мақсаттағы құралдар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, автокөліктер, трактор, комбайндар	Салқындатуға арналған сұйықтықтар, жанар-жағар майлар, компьютерлер мен компьютер құралдары, диагностика мен бақылау құралдары, механикалық бақылау-өлшеу аспаптары	3-1) Машина және механизмдердің жұмысқа дайындығын тексеру, машина, механизмдердің жұмыс параметрлерін диагностикалау және бақылау, жою 3-2) Агрегаттар мен механизмдерді құрастыру және жөндеу қорытындыларына талдау жасау 3-3) Ақауларды жою және жұмысқа қосу

## 5 Кесте. СБШ 3–деңгейі агроөнеркәсіптік кешені техник–механигі құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
1-1)	Ауылшаруашылық техникасын, тракторларды, тіркемелерді және аспалы жабдықты тексеру кезінде шектеулі жауапкершілікті, бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Техникалық және агроклиматтық талаптарды ескерумен машина комбинацияларын таңдау және ұйымдастыру	Трактор, комбайн, және механикалық жетекті машиналарды құрастырмасы, мақсаты, атқарымы, пайдалану саласы және пайдалану сипаттамалары бойынша сыныптау
	Құрастыру, жұмыс режимдерін орнату бойынша міндеттерді орындау кезіндегі жауапкершілікті, бағынышты	Дайындықты жүзеге асыру,	Аспалы жабдықты, құралдарды қауіпсіз орнату, құрастыру,



1-2)	қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	ауылшаруашылық техникасын құрастыру, реттеу, бөлшектеу және сақтау	бөлшектеу, өңдеу, тиеу, төсеу, түсіру және сақтау бойынша жұмыс рәсімдері мен кезеңдерінің сипаттамасы
2-1)	Түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Ауылшаруашылық техникасы қозғалтқыштары мен жүйелерін жинау және бұзу. Машиналарды пайдалану барысында ақауларды анықтау және оларды құжаттау	Механизмдер жүйелерінің, пайдалану параметрлерінің жұмыс режимі принциптерінің және доңғалақты, шынжыр табан трактор, комбайн және моторлы көлік құралдарының сипаттамалары
2-2)	Түрлі ауылшаруашылық машинасына профилактикалық және техникалық қызмет көрсету кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Ауылшаруашылық техникасы қозғалтқыштары мен жүйелерін жинау және бұзу. Машиналарды пайдалану барысында ақауларды анықтау және оларды құжаттау, ақау актілерін толтыру	Механизмдер жүйелерінің, пайдалану параметрлерінің, жұмыс режимі принциптерінің және доңғалақты, шынжыр табан трактор, комбайн және моторлы көлік құралдарының сипаттамалары

## 6 Кесте. СБШ 4-деңгейі Агроөнеркәсіптік кешені техник-механигі құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімі
3-1)	Машина және механизмдердің жұмысын тексеру, машина, механизмдердің жұмыс параметрлерін диагностикалау, бақылау және ақауларды жою кезінде жауапкершілікті, бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Машиналарды пайдалану кезіндегі кемшіліктер мен ақауларды анықтау. Бақылау-өлшеу аспаптарының аспап панельдерін баптау	Мотор көлік құралдарының және басқа өзі жүретін ауылшаруашылық жабдығының механизмдерінің және автоматты басқару мен дабыл жүйелерінің, сенсорлық технологияларының сипаттамасы
3-2)	Агрегаттар мен механизмдерді құрастыру және жөндеуге талдау жасау, жөндеу жұмыстарының сапасын тексеру кезінде жауапкершілікті, бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін	Пайдалану параметрлерінің мониторингі, бақылау және түзету	Механикалық жетекті көлік құралдарының, ауылшаруашылық машиналарының, тіркемелердің, аспалы жабдықтың, агрегаттардың атқарымдық механизмдері мен пайдалану параметрлері жүйелерінің, жұмыс

	, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет		принциптері және режимінің сипаттамасы
3-3)	Ақауларды жою және жұмысқа қосу кезіндегі жауапкершілікті, бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін , басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Ауылшаруашылық техникасын пайдалану кезінде техникалық бұзушылықтарды, апаттар мен инциденттердің себептерін анықтау. Басшыларға сапаны қамтамасыз ету шараларына сәйкес стандартты рәсімдерді жақсарту бойынша ұсыныстар беру	Ауылшаруашылық техникасының қауіпсіз, тиімді жұмысын бақылау, механизмдер мен қондырғыларға мониторинг жүргізу мен бақылау әдістерінің сипаттамасы

"Ауыл шаруашылығын механикаландыру" кәсіптік стандартының 5-қосымшасы

## 1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтердің жіктеуіші" 01-2005	
Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші	
Базалық топ	7233
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	-
БТБА бойынша кәсіп	-
СБШ біліктілік деңгейі	-
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
	Көп еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі технигі
3	-
4	-
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар

## 2 Кесте. Еңбек шарттары, білімі және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Ауылшаруашылық техникасы станциялары, ауылшаруашылық техникасына техникалық қызмет көрсететін компаниялар, машина – трактор парктері және ет, сүт, тауарлық мал өсірумен айналысатын ауылшаруашылық құрамалары, қосалқы шаруашылықтар (мал өсіру фермалары мен механикаланған кешендері, ашық және жабық мал семірту орындары, қоғамдық және ауылшаруашылық құрылыстар, ауыл жолдарын жайластыру

Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Температуралық режим. Ауыр техниканың айналма элементтері. Биіктікте жұмыс істеу, ауыр көтеру. Электр қуаты, шу, шаң, қышқылдар, сілтілер, аллергиялар. Жанар – жағар майлар, пестицидтер мен түрлі нысандағы қауіпті химиялық заттар. Зиянды заттар немесе газдардың ШРК арттыру мүмкіндігі. Стресс – факторлар, әсіресе астықты отырғызу және жинау кезеңінде	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізуші, тракторшы, машинист куәлігі	
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Жалпы орта білімі болғанда қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту	Оқу кезінде
4	Техникалық және кәсіптік білім мен практикалық жұмыс тәжірибесі	СБШ 3-деңгейде 1 жыл

### 3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктері тізімі (кәсіптер еңбек функциялары )

Еңбек функциясының №	Еңбек атқарымының атауы (кәсіби стандартының бірліктері)
1	Азық дайындау машиналары мен механизмдерін, МЖФ жабдығын таңдау, қабылдау, бөлу, механизмдерді орнату және реттеу, механизмдердегі ақауларды жою
2	Азық дайындау механизация құралдарын анықтау, мал өсіру кешеніндегі, фермадағы жұмысты ұйымдастыру
3	Машина мен механизмдердің жұмысын көзбен шолып тексеру, жұмыс параметрлерін, сапасын, агрегаттарды, жөндеу жұмыстарын диагностикалау. Малды ұстау мен азықтандыру талаптары, алынған өнімді талдау, малдың өнімділігін арттыру әдістерін білу

### 4 Кесте. Кәсіби стандартының бірліктерді сипаттау (функционалдық карта)

Еңбек атқарымының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-қимылдар)
1	Жемшөп дақылдарының түрлері және ауылшаруашылық мал басы, ірі мал, қой, ешкі, жылқы, шошқа және олардың төлі	Азық жинау техникасы және мал өсіру кешендерінің механизация құралдары, жабдығы, автосуарғыштар, сауатын қондырғылар, азық таратқыштар, көң шығаратын транспортерлер, электр жарығы мен жарағы	1-1) Мал басын және күту құралдарын таңдау, қабылдау, механизмдерді, МЖФ жабдығын орнату және реттеу, пайдалану, механизмдердегі ақауларды жою
	Жемшөп дақылдарының түрлері және	Азық жинау техникасы және мал өсіру кешендерінің механизация	2-1) Мал басын және күту құралдарын таңдау,

2	ауылшаруашылық мал басы, ірі мал, қой, ешкі, жылқы, шошқа және олардың төлі	құралдары, жабдығы, автосуарғыштар, сауатын қондырғылар, азық таратқыштар, көң шығаратын транспортерлер, электр жарығы мен жарағы	қабылдау, бөлу, механизмдерді орнату және реттеу, МЖФ жабдығын пайдалану, механизмдердегі ақауларды жою
3	Жемшөп дақылдарының түрлері және ауылшаруашылық мал басы, ірі мал, қой, ешкі, жылқы, шошқа және олардың төлі	Азық жинау техникасы және мал өсіру кешендерінің механизация құралдары, жабдығы, автосуарғыштар, сауатын қондырғылар, азық таратқыштар, көң шығаратын транспортерлер, электр жарығы мен жарағы	3-1) Мал басын және күту құралдарын таңдау, қабылдау, бөлу, механизмдерді орнату және реттеу, МЖФ жабдығын пайдалану, механизмдердегі ақауларды жою

### 5 Кесте. СБШ 3-деңгейі көп еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі техник құзыретіне қойылатын талаптар

Еңбек атқарымының №	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Малды таңдау, күту, азықтандыру құралдарын қабылдау кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Азық жинау техникасы және мал өсіру кешендерінің механизация құралдарын таңдау және қабылдау. Әр түрлі жастағы және жыныстағы малды азықтандыру, суару	Мал өсіру, анатомия және физиология негіздері, азықтың негізгі түрлері, олардың құндылығы, азықтандыру мен суару нормалары мен режимдері, өндірістік процестерді механикаландыру кезінде малды ұстау жағдайларына қойылатын талаптар
2-1)	Азық түрін анықтау, механикаландыру құралдарын және жұмысты ұйымдастыру кезінде жауапкершілікті, өз бетімен жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Механикаландыру құралдарын техникалық пайдалану ережелері, ең көп тараған аурулардың белгілері және механикалық залалсыздандырудың негізгі тәсілдері	Мал өсіру фермаларының механикаландыру жабдығын дайындау, құрастыру, реттеу, бөлшектеу және сақтауды жүзеге асыру

### 6 Кесте. СБШ 4-деңгейі көп еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі техник құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
3-1)	Машина мен механизмдердің жұмысын тексеру, алынған өнімді есепке алу және малдың өнімділігін арттыру әдістерін талдау кезіндегі жауапкершілікті, бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін, басшының	Малды күту, азықтандыру, ұстау ережелері. Механизмдерді, зарарсыздандыру қондырғыларының	Азықтандыру және ұстау

басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	құрылымы мен техникалық пайдалану ережелері	шарттары, механизмдер жұмысы
--	---	------------------------------

#### 4. Осы кәсіби стандарт негізінде берілетін сертификаттар түрлері

#### 5. Кәсіби стандартты әзірлеушілер

PRC "Career-Holdings"

#### 6. Келісу парағы

Ұйым атауы	Келісілген күні
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің техникалық және кәсіптік білімді және кадрлар даярлауды дамыту бойынша салалық кеңесі	

#### 7. Кәсіби стандарттың сараптамасы және тіркелу

Осы кәсіби стандарт \_\_\_\_\_ бекітілді және тіркелді.

Кәсіби стандарттар тізіліміне енгізілді. Тіркеу № \_\_\_\_\_

Хат (хаттама) № \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы Министрінің  
2013 жылғы 30 қыркүйектегі  
№ 20/460 бұйрығының  
2-қосымшасы

### "Ауылшаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу" кәсіби стандарты

#### 1. Жалпы ережелер

##### 1. Кәсіби стандарт:

еңбек нарығының қазіргі заман қажеттілігіне жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға, кәсіби қызметтің мазмұнына бірыңғай талаптарды анықтауға;

қызметкерлерді басқару саласында кең шеңбердегі міндеттерді шешуге;

білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сонымен қатар тиісті оқу – әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

кәсіби даярлықтарын бағалауды жүргізуге және мамандардың біліктілік сәйкестігін растауға арналған.

##### 2. Кәсіби стандарттардың негізгі қолданушылары:

білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, ұйымдардың қызметкерлерді басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;  
білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;  
кәсіптік даярлықтарын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. Кәсіби стандарттардың негізінде қызметтің, лауазымның, біліктілікті арттырудың, қызметкерлерді аттестаттаудың, еңбекті ынталандыру жүйесінің және тағы басқалары функционалдық модельдеріне қатысты ішкі, корпоративтік стандарттары әзірленуі мүмкін.

4. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір қызмет түрі шеңберінде еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болуы;

2) біліктілік деңгейі/біліктіліктің деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы;

3) еңбек мәні – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;

4) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиыны мен құрамдастырылған кәсіби қызмет саласының құрама бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

7) кәсіптік қызмет саласы – біріккен ортақ (ұқсас және қызметі жақын объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) негізі бар және оларды орындау үшін ұқсас құзыреттер жинағы бар сала қызметі түрлерінің жиынтығы негізгі және қосалқы атқарымдарды іске асыруды көздейтін сала қызметінің бір бөлігі;

8) кәсіби стандарт – кәсіптік қызметтердің нақты саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына және қызметкер құзыретіне қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

9) кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі; кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдалар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

11) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдастырушылық-әкімшілік жүйесіндегі функционалдық орын;

13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

14) сала - бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдық карта – әр түрлі кәсіптік қызметтер саласында немесе шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын қызмет түрлерінің, атқарымдары мен міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы.

5. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

КҚ – кәсіптік қызмет;

ҚТ – қызмет түрі;

КС – кәсіби стандарт;

ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

БТБА – Қазақстан Республикасы жұмыс және жұмысшылар кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы;

ШРК – шектеулі рұқсат етілген концентрациясы.

## **2. Кәсіби стандарттың паспорты**

6. Экономикалық қызметтің түрі (кәсіптік қызмет саласы): Ауыл шаруашылығы.

7. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты : ауылшаруашылық техникасын жөндеу және профилактикалық техникалық қызмет көрсету, мал санын, механизация құралдарын анықтау, мал өсіру кешендерінде, фермалардағы жұмысты ұйымдастыру.

Кәсіби стандарт "Ауыл шаруашылығын механикаландыру" кәсіптік қызмет саласында еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына, қызметкердің біліктілігі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды айқындайды.

8. Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы Кәсіби стандартының 1–қосымшасында көрсетілді.

9. Стандарт талаптары осы саланың мынадай қызмет түрлері мен кәсіптеріне қатысты қолданылады:

ауылшаруашылық өндірісінің тракторшы – машинисі;

ауылшаруашылық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі шебер.

### **3. Еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкасы**

#### **Параграф 1. Ауылшаруашылық өндірісінің тракторшы – машинисі**

10. СБШ – 2 – 3 бойынша біліктілік деңгейі.

11. Мүмкін болатын лауазым атауы: Ауылшаруашылық өндірісінің тракторшы – машинисі.

12. "Ауылшаруашылық өндірісінің тракторшы–машинисі" түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу және профилактикалық техникалық қызмет көрсету жөніндегі кәсібі субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

13. Ауылшаруашылық өндірісінің тракторшы – машинисінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

14. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

15. Ауылшаруашылық өндірісінің тракторшы-машинисінің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

16. Ауылшаруашылық өндірісінің тракторшы-машинисінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 5, 6 кестесінде көрсетілді.

#### **Параграф 2. Машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу жөніндегі техник (шебер)**

17. СБШ – 2-3 бойынша біліктілік деңгейі.



18. Мүмкін болатын лауазым атауы: машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу жөніндегі техник (шебер).

19. "Машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу жөніндегі техник (шебер)" түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу және профилактикалық техникалық қызмет көрсету кәсібі субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 3-қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

20. Машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу жөніндегі техниктің (шебердің) еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 3-қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

21. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 3-қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

22. Машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу жөніндегі техниктің (шебердің) орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 3-қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

23. Машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу жөніндегі техниктің (шебердің) құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 3-қосымшасының 5, 6 және 7 кестелерінде көрсетілді.

"Ауылшаруашылық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу" кәсіптік стандартының 1-қосымшасы

## Қызмет, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері

Рет . №	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының үрдістерін ескерумен кәсіптің атауы	ҚР 05 – 2008 МС мемлекеттік кәсіптер жіктеуішісіне сәйкес кәсіптер атауы	СБШ біліктілік деңгей
1.	Ауыл шаруашылығы техникасын дайындау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Ауылшаруашылық өндірісінің тракторшы – машинисі	Тракторшы – машинист	2-3
2.	Машиналар мен механизаторлардың көмегімен агротехникалық жұмыстарды жүргізу	Машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу жөніндегі техник (шебер)	Машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу жөніндегі шебер	2-4

"Ауылшаруашылық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу" кәсіптік стандартының 2-қосымшасы

## 1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

"Қызметтердің жіктеуіші" 01-2005	
Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші	
Базалық топ	1226
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
Б Т Б А шығарылымы, бөлімі	Шығарылым 64 "Ауыл, су және орман шаруашылығындағы механизаторлық жұмыстар" 1.11.2012 ж. № 422-ө-м (ӘМ № 8089 23.11.2013 ж.)
БТБА бойынша кәсіп	Ауылшаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинист
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары
2	-
3	-
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар

## 2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Ауылшаруашылық техникасы станциялары, ауылшаруашылық техникасына техникалық қызмет көрсететін компаниялар, машина-трактор парктері және жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге арналған шеберханалар. Жерді өңдеу бойынша ауылшаруашылық құрамалары, қоғамдық және ауылшаруашылық құрылыстар, ауыл жолдарын жайластыру	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Температуралық режим. Ауыр техниканың айналма элементтері. Биіктікте жұмыс істеу, ауыр көтеру. Электр қуаты, шу, шаң, қышқылдар, сілтілер, аллергиялар. Жанар-жағар майлар, пестицидтер мен түрлі нысандағы қауіпті химиялық заттар. Зиянды заттар немесе газдардың ШРК арттыру мүмкіндігі. Стресс – факторлар, әсіресе астықты отырғызу және жинау кезеңінде	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізуші, тракторшы, машинист куәлігі	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
2	Жалпы орта білімі болғанда қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту	Оқу кезінде

3	Техникалық және кәсіптік білім мен практикалық жұмыс тәжірибесі	1 жыл
---	---	-------

### 3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

Еңбек функцияларының №	Еңбек функцияларының атауы (кәсіби стандартының бірліктері)
1	Жұмыс машиналары мен механизмдерін таңдау, қабылдау және жұмысқа қосу
2	Түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу және профилактикалық техникалық қызмет көрсету
3	Жою, жөндеу жұмыстарының сапасын талдау жасау
4	Комбайн, трактор, машина және механизмдердің жұмысқа дайындығын тексеру
5	Машина, механизмдердің жұмыс параметрлерін диагностикалау және бақылау

### 4 Кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Ауылшаруашылық мақсаттағы құралдар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, автокөліктер, трактор, комбайндар	Трактор, комбайндар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, рульдік басқару, басқару пульттары. Салқындатуға арналған сұйықтықтар, жанар-жағар майлар, нұсқаулықтар, паспорт, ТТ, техникалық сипаттамалар. Керек – жарақтар, құралдар. Өлшеу аспаптары, пневматикалық, гидравликалық, электронды және электр құрылғылары	1-1) Трактор, комбайндар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтарды сыртынан шолып тексеру және таңдау. Аспалы, тіркемелі агрегаттарды құрастыру және орнату және қозғалтқыш пен жабдықтың тиімді режимдерін анықтау
			1-2) Ақауларды жою, жөндеу және жұмысқа қосу
2	Ауылшаруашылық мақсаттағы құралдар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, автокөліктер, трактор, комбайндар	Трактор, комбайндар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, рульдік басқару, басқару пульттары. Салқындатуға арналған сұйықтықтар, жанар-жағар майлар, нұсқаулықтар, паспорт, ТТ, техникалық сипаттамалар. Керек-жарақтар, құралдар. Өлшеу аспаптары, пневматикалық, гидравликалық, электронды және электр құрылғылар	2-1) Еңбек қызметі барысындағы түрлі ауылшаруашылық техникасын пайдалану
			2-2) Түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу
			2-3) Түрлі ауылшаруашылық техникасы түрлеріне профилактикалық қызмет көрсету
			3-1) Комбайн, трактор, машина және

3	Ауылшаруашылық мақсаттағы құралдар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, трактор, комбайндар	Трактор, комбайндар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, рульдік басқару, басқару пульттары. Салқындатуға арналған сұйықтықтар, жанар-жағар майлар, нұсқаулықтар, паспорт, ТТ, техникалық сипаттамалар. Керек-жарақтар, құралдар. Өлшеу аспаптары, пневматикалық, гидравликалық, электронды және электр құрылғылар	механизмдердің жұмысқа дайындығын тексеру
			3-2) Машина, механизмдердің жұмыс параметрлерін диагностикалау және бақылау
			3-3) Агрегаттар мен механизмдерді құрастыру және жөндеу қорытындыларына талдау жасау

## 5 Кесте. СБШ 2–деңгейі ауылшаруашылық өндірісінің тракторшы–машинисі құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
1-1)	Ауылшаруашылық техникасын, тракторларды, тіркемелерді және аспалы жабдықты тексеру кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Ауылшаруашылық техникасының пайдалануға жарамдылығын тексеру	Техника жүйелерінің, компоненттерінің, қызмет ету және пайдалану ережелерінің, оларды сыныптау сипаттамасы
2-1)	Комбайн, трактор, машина және механизмдердің жұмысқа дайындығын тексеру кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Жұмыс істеу және оны түзету кезінде пайдалану параметрлерін орнату, мониторинг жүргізу және бақылауды жүзеге асыру	Механикалық жетекті көлік құралдарының атқарымдық механизмдері мен пайдалану параметрлері жүйелерінің, принциптерінің және режимінің сипаттамасы

## 6 Кесте. СБШ 3–деңгейі ауылшаруашылық өндірісінің тракторшы–машинисі құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
1-2)	Ақауларды жою, жөндеу және жұмысқа қосу үшін жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Жабдықты, құралдарды құрастыру, реттеу, бөлшектеу және сақтау	Жұмыс рәсімдерінің, жұмыс кезеңдерінің, ауылшаруашылық жабдығының техникалық сипаттамалары
	Түрлі ауылшаруашылық техникасын пайдалану кезінде шектеулі		

2-1)	жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Көлік құралдарын басқару және онымен жұмыс істеу	Жол жүру ережелері, салмақ пен өлшем шектеулері, габаритті емес өзі жүретін ауылшаруашылық жабдығын жүктеу ережелері
2-2)	Түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу кезінде қойылған міндеттерді орындау үшін жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Машина мен механизмдерді пайдалану кезінде ақаулар мен кемшіліктерді анықтау	Автоматты басқару, дабыл жүйесі механизмдерінің және ауылшаруашылық машиналарының сипаттамасы
2-3)	Түрлі ауылшаруашылық машинасына профилактикалық қызмет көрсету үшін жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Көлік құралдарымен жұмыс істеу	Жұмыс рәсімдерінің, жұмыс кезеңдерінің, ауылшаруашылық жабдығының техникалық сипаттамалары
3-2)	Машина, механизмдердің жұмыс параметрлерін диагностикалау және бақылау кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Машина мен механизмдерді пайдалану кезінде ақаулар мен кемшіліктерді анықтау	Көлік құралдарының жеке компоненттері мен бөлшектерін ретке келтіру үшін жүйелер мен механизмдердің сипаттамасы
3-3)	Ауылшаруашылық техникасын, тракторларды, тіркемелерді және аспалы жабдықты тексеру кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Ауылшаруашылық техникасын, тракторларды, тіркемелерді және аспалы жабдықты техникалық қауіпсіздік ережелеріне сәйкес тиімді және қауіпсіз пайдалануға жарамдылығын тексеру	Ауылшаруашылық техникасының тиімді және қауіпсіз жұмысын бақылау әдістерін сипаттау, механизмдер мен құрылғыларға мониторинг жүргізу және бақылау. Жұмыс рәсімдері мен кезеңдерін, машиналардың баптауларын және жүргізуді басқару, қауіпсіз орнату, құрастыру, бөлшектеу, өңдеу және аспалы жабдық пен құралдарды сақтау

"Ауылшаруашылық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу" кәсіптік стандартының 3-қосымшасы

## 1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтердің жіктеуіші" 01 – 2005	
Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші	
Базалық топ	1226
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	
БТБА бойынша кәсіп	-
СБШ біліктілік деңгейі	-
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
	Машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу жөніндегі шебер
2	-
3	-
4	
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар

## 2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Ауылшаруашылық техникасы станциялары, ауылшаруашылық техникасына техникалық қызмет көрсететін компаниялар, машина-трактор парктері және жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге арналған шеберханалар. Жерді өңдеу бойынша ауылшаруашылық құрамалары, қоғамдық және ауылшаруашылық құрылыстар, ауыл жолдарын жайластыру	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Температуралық режим. Ауыр техниканың айналма элементтері. Биіктікте жұмыс істеу, ауыр көтеру Электр қуаты, шу, шаң, қышқылдар, сілтілер, аллергиялар. Жанар-жағар майлар, пестицидтер мен түрлі нысандағы қауіпті химиялық заттар Зиянды заттар немесе газдардың ШРК арттыру мүмкіндігі. Стресс-факторлар, әсіресе астықты отырғызу және жинау кезеңінде	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізуші, тракторшы, машинист куәлігі	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
2	Жалпы орта білімі болғанда қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту	Оқу кезінде
3	Техникалық және кәсіптік білім мен практикалық жұмыс тәжірибесі	СБШ деңгейінде 2 жыл

### 3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

Еңбек атқарымының №	Еңбек атқарымының атауы (кәсіби стандартының бірліктері)
1	Жұмыс машиналары мен механизмдерін таңдау, қабылдау және жұмысқа қосу
2	Түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу және профилактикалық техникалық қызмет көрсету
3	Жою, жөндеу жұмыстарының сапасын талдау жасау

### 4 Кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

Еңбек атқарымының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-қимылдар)
1	Ауылшаруашылық мақсаттағы құралдар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, автокөліктер, трактор, комбайндар	Салқындатуға арналған сұйықтықтар, жанар-жағар майлар, компьютерлер мен компьютер құралдары, диагностика мен бақылау құралдары, механикалық бақылау-өлшеу аспаптары	1-1) Трактор, комбайндар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтарды сыртынан шолып тексеру және таңдау.
			1-2) Аспалы, тіркемелі агрегаттарды құрастыру және орнату және қозғалтқыш пен жабдықтың тиімді режимдерін анықтау
2	Ауылшаруашылық мақсаттағы құралдар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, автокөліктер, трактор, комбайндар	Салқындатуға арналған сұйықтықтар, жанар-жағар майлар, компьютерлер мен компьютер құралдары, диагностика мен бақылау құралдары, механикалық бақылау-өлшеу аспаптары	2-1) Түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу Еңбек қызметі барысындағы түрлі ауылшаруашылық техникасын пайдалану
			2-2) Түрлі ауылшаруашылық техникасы түрлеріне профилактикалық қызмет көрсету
3	Ауылшаруашылық мақсаттағы құралдар, механикаланған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар, автокөліктер, трактор, комбайндар	Салқындатуға арналған сұйықтықтар, жанар-жағар майлар, компьютерлер мен компьютер құралдары, диагностика мен бақылау құралдары, механикалық бақылау-өлшеу аспаптары	3-1) Машина және механизмдердің жұмысын тексеру, машина, механизмдердің жұмыс параметрлерін диагностикалау, бақылау және ақауларды жою
			3-2) Агрегаттар мен механизмдерді құрастыру және жөндеуге талдау жасау, жөндеу жұмыстарының сапасын тексеру

## 5 Кесте. СБШ 2-деңгейі машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу жөніндегі техниктің (шебердің) құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
1-1)	Ауылшаруашылық техникасын, тракторларды, тіркемелерді және аспалы жабдықты тексеру кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Техникалық және агроклиматтық талаптарды ескерумен машина комбинацияларын таңдау және ұйымдастыру	Трактор, комбайн, және механикалық жетекті машиналарды құрастырмасы, мақсаты, атқарымы, пайдалану саласы және пайдалану сипаттамалары бойынша сыныптау

## 6 Кесте. СБШ 3-деңгейі машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу жөніндегі техниктің (шебердің) құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
1-2)	Құрастыру, жұмыс режимдерін орнату бойынша міндеттерді орындау кезіндегі жауапкершілікті, бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Дайындықты жүзеге асыру, ауылшаруашылық техникасын құрастыру, реттеу, бөлшектеу және сақтау	Аспалы жабдықты, құралдарды қауіпсіз орнату, құрастыру, бөлшектеу, өңдеу, тиеу, төсеу, түсіру және сақтау бойынша жұмыс рәсімдері мен кезеңдерінің сипаттамасы
2-1)	Түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Ауылшарушылық техникасы қозғалтқыштары мен жүйелерін жинау және бұзу. Машиналарды пайдалану барысында ақауларды анықтау және оларды құжаттау	Механизмдер жүйелерінің, пайдалану параметрлерінің жұмыс режимі принциптерінің және доңғалақты, шынжыр табан трактор, комбайн және моторлы көлік құралдарының сипаттамалары
2-2)	Түрлі ауылшаруашылық машинасына профилактикалық және техникалық қызмет көрсету кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен	Ауылшарушылық техникасы қозғалтқыштары мен жүйелерін жинау және бұзу. Машиналарды пайдалану барысында	Механизмдер жүйелерінің, пайдалану параметрлерінің, жұмыс режимі принциптерінің және доңғалақты, шынжыр табан трактор, комбайн



нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	ақауларды анықтау және оларды құжаттау, ақау актілерін толтыру	және моторлы көлік құралдарының сипаттамалары
---	--	---

## 7 Кесте. СБШ 4-деңгейі машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу жөніндегі техниктің (шебердің) құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
3-1)	Машина және механизмдердің жұмысын тексеру, машина, механизмдердің жұмыс параметрлерін диагностикалау, бақылау және ақауларды жою кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Машиналарды пайдалану кезіндегі кемшіліктер мен ақауларды анықтау. Бақылау-өлшеу аспаптарының аспап панельдерін баптау	Мотор көлік құралдарының және басқа өзі жүретін ауылшаруашылық жабдығының механизмдерінің және автоматты басқару мен дабыл жүйелерінің, сенсорлық технологияларының сипаттамасы
3-2)	Агрегаттар мен механизмдерді құрастыру және жөндеуге талдау жасау, жөндеу жұмыстарының сапасын тексеру кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Пайдалану параметрлерінің мониторингі, бақылау және түзету	Механикалық жетекті көлік құралдарының, ауылшаруашылық машиналарының, тіркемелердің, аспалы жабдықтың, агрегаттардың атқарымдық механизмдері мен пайдалану параметрлері жүйелерінің, жұмыс принциптері және режимінің сипаттамасы
3-3)	Ақауларды жою және жұмысқа қосу кезіндегі жауапкершілікті, бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Ауылшаруашылық техникасын пайдалану кезінде техникалық бұзушылықтарды, апаттар мен инциденттердің себептерін анықтау. Басшыларға сапаны қамтамасыз ету шараларына сәйкес стандартты рәсімдерді жақсарту бойынша ұсыныстар беру	Ауылшаруашылық техникасының қауіпсіз, тиімді жұмысын бақылау, механизмдер мен қондырғыларға мониторинг жүргізу мен бақылау әдістерінің сипаттамасы

### 4. Осы кәсіби стандарт негізінде берілетін сертификаттар түрлері

### 5. Кәсіби стандартты әзірлеушілер

PRC "Career-Holdings"

## 6. Келісу парағы

Ұйым атауы	Келісілген күні
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің техникалық және кәсіптік білімді және кадрлар даярлауды дамыту бойынша салалық кеңесі	

## 7. Кәсіби стандарттың сараптамасы және тіркелуі

Осы кәсіби стандарт \_\_\_\_\_ бекітілді және тіркелді.

Кәсіби стандарттар тізіліміне енгізілді. Тіркеу № \_\_\_\_\_

Хат (хаттама) № \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы Министрінің  
2013 жылғы 30 қыркүйектегі  
№ 20/460 бұйрығының  
3-қосымшасы

## "Агрономия" кәсіптік стандарты

### 1. Жалпы ережелер

#### 1. Кәсіби стандарт:

еңбек нарығының қазіргі заман қажеттілігіне жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға, кәсіби қызметтің мазмұнына бірыңғай талаптарды анықтауға;

қызметкерлерді басқару саласында кең шеңбердегі міндеттерді шешуге;

білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сонымен қатар тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

кәсіби даярлықтарын бағалауды жүргізуге және мамандардың біліктілік сәйкестігін растауға арналған.

#### 2. Кәсіби стандарттардың негізгі қолданушылары:

білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, ұйымдардың қызметкерлерді басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

кәсіптік даярлықтарын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. Кәсіби стандарттардың негізінде қызметтің, лауазымның, біліктілікті арттырудың, қызметкерлерді аттестаттаудың, еңбекті ынталандыру жүйесінің және тағы басқалары функционалдық модельдеріне қатысты ішкі, корпоративтік стандарттары әзірленуі мүмкін.

4. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір қызмет түрі шеңберінде еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болуы;

2) біліктілік деңгейі/біліктіліктің деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы;

3) еңбек мәні – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;

4) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиыны мен құрамдастырылған кәсіби қызмет саласының құрама бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

7) кәсіптік қызмет саласы – біріккен ортақ (ұқсас және қызметі жақын объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) негізі бар және оларды орындау үшін ұқсас құзыреттер жинағы бар сала қызметі түрлерінің жиынтығы негізгі және қосалқы атқарымдарды іске асыруды көздейтін сала қызметінің бір бөлігі;

8) кәсіби стандарт – кәсіптік қызметтердің нақты саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына және қызметкер құзыретіне қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

9) кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі; кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

11) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдастырушылық-әкімшілік жүйесіндегі функционалдық орын;

13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

14) сала - бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдық карта – әр түрлі кәсіптік қызметтер саласында немесе шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын қызмет түрлерінің, атқарымдары мен міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы.

5. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

КҚ – кәсіптік қызмет;

ҚТ – қызмет түрі;

КС – кәсіби стандарт;

ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

БТБА – Қазақстан Республикасы жұмыс және жұмысшылар кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамасы.

## **2. Кәсіби стандарттың паспорты**

6. Экономикалық қызметтің түрі (кәсіптік қызмет саласы): Агрономия.

7. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты : агрономия саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, жер, бау-бақша өндеудің озық әдістерін зерттеу және ендіру, зиянды жәндіктермен, өсімдік ауруларымен және арам шөптермен күресудің технологияларын әзірлеу және енгізу, топырақтың құнарлығын жақсартуға және астықты ұлғайтуға бағытталған агротехникалық іс-шараларды дайындау.

Кәсіби стандарт "Агрономия" кәсіптік қызмет саласында еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына, қызметкердің біліктілігі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды айқындайды.

8. Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы Кәсіби стандартының 1-қосымшасында көрсетілді.

9. Стандарт талаптары осы саланың мынадай қызмет түрлері мен кәсіптеріне қатысты қолданылады:

агроном;

агрохимик;

өсімдіктерді қорғау бойынша агроном.

### **3. Еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкасы**

#### **Параграф 1. Агроном**

10. СБШ – 3 – 4 бойынша біліктілік деңгейі.

11. Мүмкін болатын лауазым атауы: агроном.

12. "Агроном", ауыл шаруашылығы малдарын сою және бастапқы өңдеу жөніндегі кәсібі субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

13. Агрономнің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

14. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

15. Агрономнің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

16. Агрономнің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 5, 6 кестесінде көрсетілді.

#### **Параграф 2. Агрохимик**

17. СБШ – 3-4 бойынша біліктілік деңгейі.

18. Мүмкін болатын лауазым атауы: агрохимик.

19. "Агрохимик", шұжық тағамдары мен жартылай ет өнімдерін әзірлеу үшін шикізат дайындау кәсібі субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

20. Агрохимиктің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

21. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

22. Агрохимиктің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

23. Агрохимиктің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 5, 6 кестелерінде көрсетілді.

#### **Параграф 3. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном**

24. СБШ – 3 – 4 бойынша біліктілік деңгейі.

25. Мүмкін болатын лауазым атауы: техник – технолог.

26. "Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном", шұжық тағамдары мен жартылай ет фабрикаттарын технологиялық өндіру үдерісін ұйымдастыру, технологиялық жабдықтарға қызмет көрсету және реттеу жөніндегі кәсіби субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

27. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агрономның еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

28. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

29. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агрономның орындайтын еңбек іс–әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

30. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агрономның құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 5, 6 кестелерінде көрсетілді.

"Агрономия" кәсіптік  
стандартының  
1-қосымшасы

## Қызмет, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері

Рет . №	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының үрдістерін ескерумен кәсіптің атауы	ҚР 05-2008 МС мемлекеттік кәсіптер жіктеуішісіне сәйкес кәсіптер атауы	СБШ біліктілік деңгей
1	Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өсіру және бастапқы өңдеуді ұйымдастыру	Агроном	Лаборант, бригада агрономы, есепке алушы агроном, тұқым өсіруші агроном, бригадир	3-4
2	Агрехимиялық зерттеу және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша шараларды әзірлеу	Агрехимик	Агрехимик	3-4
3	Фитосанитарлық мониторинг және Ауылшаруашылық дәнді дақылдарын қорғау шараларын ұйымдастыру	Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном	Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном	3-4

"Агрономия" кәсіптік  
стандартының  
2-қосымшасы

## 1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтердің жіктеуіші" 01-2005			
Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші			
Базалық топ	3212, 2213 – Агроном		
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамалығы (БТБА)			
БТБА шығарылымы, бөлімі	-		
БТБА бойынша кәсіп	Агроном		
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары		
3			
4			
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы			
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар		
	Тұқым өсіру агрономы	Агроном	Бөлім агрономы
3	-	-	-
4	-	-	-
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары			
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар		

## 2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Фермерлік, жеке, ұжымдық шаруа қожалықтары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы		жоқ
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары		Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық және кәсіптік білім	-
4	Техникалық және кәсіптік білімнің жоғарылатылған деңгейі мен практикалық жұмыс тәжірибесі	СБШ 2- деңгейде 3 жыл

## 3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

Еңбек функцияларының №	Еңбек функцияларының атауы (кәсіби стандартының бірліктері)

1	Агроландшафттардың жарамдылығын және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өсіруге арналған сұрыптарды бағалау
2	Дәнді дақылдарды егу технологиясын ұйымдастыру (жер өңдеу, тыңайтқыш себі, тұқымды/көшеттерді/егістікті дайындау, егіске күтім жасау және ауылшаруашылық өсімдіктерін суару)
3	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасын бағалау

#### 4 Кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Топырақ, тұқым, өсімдіктер, тыңайтқыштар, гербицидтер	Тракторлар, комбайндар, автокөліктер, ауылшаруашылық машиналары мен саймандары	1-1) Ауылшаруашылық дәнді дақылдарын өсіруге арналған агроландшафттарды бағалау және оларды тиімді пайдалану
	Топырақ, тұқым, өсімдіктер, тыңайтқыштар, гербицидтер	Тракторлар, комбайндар, автокөліктер, ауылшаруашылық машиналары мен саймандары	1-2) Сұрыптар мен тұқымдық материалдарды іріктеу
	Топырақ, тұқым, өсімдіктер, тыңайтқыштар, гербицидтер	Компьютерлер, бағдарламалар	1-3) Техкарта құру, тұқымды, тыңайтқыштарды және тағы да басқа қажеттілігін есептеу, егін егетін және оратын компанияның жұмыс жоспарларын құру
2	Топырақ, тұқым, өсімдіктер, тыңайтқыштар, гербицидтер	Тракторлар, комбайндар, автокөліктер, ауылшаруашылық машиналары мен саймандары, нормативтік құжаттама, өгінімдер	2-1) Ауыл шаруашылық дәнді дақылдары мен өсімдіктерін өсірудің қазіргі заманғы агротехникалық тәсілдерін енгізу, технологиялық тәртіптің сақталуын бақылау
	Механикаландырылған агрегаттар, аспалы, тіркемелі жабдықтар		2-2) Тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын, ауылшаруашылық техникасын, тұқымдарын, ауыл шаруашылық дәнді дақылдардың сұрыптары мен гибридтерін тиімді пайдалану
	Топырақ, тұқым, өсімдіктер, тыңайтқыштар, гербицидтер		2-3) Жер жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу және әр түрлі табиғат жағдайларында және материалдық-техникалық жағдайларда басқарушылық шешімдерді қабылдау
3		Ауылшаруашылық техникасы	3-1) Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасын бағалау және оларды пайдалану тәсілін белгілеу
		Зертханалық жабдық, стандарттар, нормативтік құжаттама	3-2) Астықты дайындау және ору, базистік сапаға жеткізу, тасымалдау, сақтау



Астық және тауарлық өнім	Нормативтік құжаттама	3-3) Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің энергетикалық және экономикалық тиімділігін анықтау және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша шешімдерді қабылдау
--------------------------	-----------------------	--

## 5 Кесте. СБШ 3-деңгейі агрономының күзіретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
1-1)	Ауылшаруашылық дәнді дақылдарын өсіруге арналған агроландшафттың жарамдылығын бағалау және оларды тиімді пайдалану барысында шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жерлерін агрохимиялық зерттеу және топыраққа, өсімдікке химиялық талдау жасау. Топырақ картасын және агрохимиялық картограмма құру	Ауылшаруашылықтың пайдалы жерлерін, топырақтың құнарлылығын зерттеу қағидаты мен әдістері және топырақтық карталар мен картограммаларды құру. Өсімдіктерді суару ерекшеліктері және оны реттеу әдістері
1-2)	Сұрыптар мен тұқымдық материалды іріктеуге жауапкершілікті, өз еркімен жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Тұқымның сапасын және сұрыптардың өнімділігін бағалау	Ауылшаруашылық дәнді дақылдардың сұрыбы және түрлерінің әртүрлілігі, о л а р д ы н шаруашылық-биологиялық сипаттамасы
2-1)	Ауылшаруашылық дәнді дақылдары мен өсімдіктерін өсірудің қазіргі заманғы агротехникалық тәсілдерін енгізу, технологиялық тәртіптің сақталуын бақылау үшін шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Ауылшаруашылық дәнді дақылдарын өсіру технологиясы. Тұқым шаруашылығы және ауылшаруашылық дәнді дақылдарын селекциялау негіздері	Нақты жылдың ауа райы жағдайларын есепке ала отырып агротехникалық тәсілдерге түзету енгізу б о й ы н ш а ұйымдастыру-шаруашылық мәселелерін шешу ауылшаруашылық дәнді дақылдарын өсірудің озық технологиясын қолдану
2-2)	Тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын, ауылшаруашылық техникасын, тұқымдарын, ауылшаруашылық дәнді дақылдардың сұрыптары мен гибридтерін тиімді пайдалану үшін жауапкершілікті, өз	Ауылшаруашылық машиналарын, жабдықтарын реттеу (тұқым сепкіш, соқа, қопсытқыш, комбайндар және басқалары), ауылшаруашылық дәнді дақылдарын егу нормасын	Егін шаруашылығы заңдары , өсімдік факторы және оларды реттеу әдістері. Өсімдіктердің өнімділігін реттеу әдістері. Тыңайтқыш себу ерекшелігі, жіктеуіші, мерзімі және тәсілдері. Зиянды жәндіктердің, арамшөптердің, өсімдік

	бетінше жоспарлауды болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	белгілеу. Орындалған жер жұмыстарының сапасын бағалау (топырақты, егісті өңдеу, егістік жұмыстары, астық ору және басқалары)	ауруларының түрлі құрамы, зиянды жәндіктер мен өсімдік ауруларының таралу картасын құру, егістің қоқырсуы, зиянды ағзалармен күрес жүргізу шараларының жүйесі
3-1)	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасын бағалау және оларды пайдалану тәсілін белгілеу үшін шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне сараптама жүргізу	Өсімдік шаруашылығы өнімдеріне арналған мемлекеттік стандарттар негізгі талаптары. Өнімдер мен егіс материалдарының сапасын анықтау әдістемесі
3-2)	Астықты дайындау және ору, базистік сапаға жеткізу, тасымалдау, сақтау үшін жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Ауылшаруашылық машиналарын, жабдықтарын реттеу (комбайндар және басқалары). Дән, тұқым, жемістер мен көкөністерді өңдеу тәсілдері мен амалдарын қолдана білу, сақтау талаптарын бақылау және түзету	Астық жинау мерзімі және тәсілдері, ауылшаруашылық машиналарын, жабдықтарын (комбайндар және басқа жабдықтар) реттеу өлшемдері дән, тұқым, жемістер мен көкөністерді өңдеуге қойылатын негізгі талаптар, қоймаға салу және оларды саны мен сапасын жоғалтпай сақтау талаптары

## 6 Кесте. СБШ 4-деңгейі агрономының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
1-3)	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, техкарта құру, тұқымды, тыңайтқыштарды және т.б. қажеттілігін есептеу, егін егетін және оратын компанияның жұмыс жоспарларын құру үшін жауапкершілікті көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Ауыспалы егіс сызбасын, игеруге арналған жоспарларды құру Ауылшаруашылық дәнді дақылдарын өсірудің технологиялық карталарын құру және оларға сәйкес жер жұмыстарын ұйымдастыру; табиғи мал азығына арналған жерлерді тиімді пайдалану және жақсарту тәсілдерін әзірлеу; шаруашылықтың тұқым, жанармай-майлау материалдарына,	Егіншілік және өсімдік шаруашылығының негізгі заңдары және олардың нақты жағдайлардағы әрекеттесігі, ауылшаруашылық дәнді дақылдарының төзімді және жоғары сұрыбын алу үшін өндіріс жағдайында оларды қолдану жолдары Ауылшаруашылық дәнді дақылдары мен өсімдіктерінің

		ауылшаруашылық машиналарына, құрал-саймандар мен техникаға, еңбек ресурстарға қажеттілігін есептеу	сұрыптарының әртүрлілігі, олардың биологиялық және шаруашылық ерекшеліктері
2-3)	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, жер жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу және әр түрлі табиғат жағдайында және материалдық-техникалық жағдайларда басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін жауапкершілікті көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Жер жұмыстарын жоспарлау, оларды жүргізу бойынша есеп құру. Учаскедегі қызметтік міндеттерді салыстырып тексеру және балама шараларды қабылдау, құжаттама жүргізу, есептілік құру. Өндірістік үдерістің нәтижелерін талдау, жиынтықтау	Ұжымдағы және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілермен туындаған дауларды шешуге арналған құқықтық мәселе негіздері. Қауіпсіздік техникасы және еңбек қорғау, ішкі тәртіп ережесін және экологиялық нормаларды және агротехнология талаптарын орындау
3-3)	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, өсімдік шаруашылығы өнімдерінің энергетикалық және экономикалық тиімділігін анықтау және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша технологиялық шешімдерді қабылдау үшін жауапкершілікті көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Қолда бар жер, еңбек, материалдық және басқа ресурстарды оңтайлы әрі тиімді пайдалану; Шаруашылықтың нарық жағдайында даму перспективасын бағалау, өндірісті үздіксіз жүргізу және шаруашылық тиімділігін арттыру мақсатында егіншілік және мал шаруашылығының тиімді арақатынасын айқындау	Ауылшаруашылық кәсіпорындары өнімдерінің негізгі түрлерін үнемдеу және өндірісін ұйымдастыру. Қазіргі заманғы нарықтық экономика негіздері

"Агрономия" кәсіптік стандартының 3-қосымшасы

## 1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтердің жіктеуіші" 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші	
Базалық топ	3212
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	-
БТБА бойынша кәсіп	Агрохимик
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары
3	-

4	-
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
	Агрохимик
3	-
4	-
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар

## 2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Фермерлік, жеке, ұжымдық шаруа қожалықтары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы		Жоқ
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары		Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық және кәсіптік білім мен практикалық жұмыс тәжірибесі	СБШ 2–деңгейде 1 жыл
4	Техникалық және кәсіптік білім мен практикалық жұмыс тәжірибесі	СБШ 3–деңгейде 2 жыл

## 3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

Еңбек атқарымының №	Еңбек атқарымының атауы (кәсіби стандартының бірліктері)
1	Топырақ құнарлылығының агроэкологиялық және агрохимиялық мониторингі
2	Жер ресурстарын тиімді пайдалану және топырақ бонитетін және олардың экономикалық бағалауын ескере отырып топырақ құнарлылығын арттыру бойынша шараларды әзірлеу
3	өнеркәсіптік химиялық құралдары және жергілікті ресурстарды ғылыми негіздеп қолдану негізінде топырақ құнарлылығын, ауылшаруашылық дәнді дақылдардың өнімділігін арттыру

## 4 Кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

Еңбек атқарымының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-қимылдар)

1	Топырақ, тұқым, өсімдіктер, тыңайтқыштар	Ауылшаруашылық машиналары және саймандары, компьютерлер, бағдарламалар	1-1) Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жерлеріне агрохимиялық зерттеу жүргізу және топырақты, өсімдікті химиялық талдау
			1-2) Топырақтық карталар мен агрохимиялық картограмманы құру
			1-3) Ауылшаруашылық жерлерін агроөндірістік топтау және бағалау
2	Топырақ, тұқым, өсімдіктер, тыңайтқыштар	Тракторлар, комбайндар, автокөліктер, ауылшаруашылық машиналары және құрал-саймандары, нормативтік құжаттама, өтінімдер	2-1) Топырақ құнарлылығын өсіру бойынша шараларды әзірлеу
			2-2) Тыңайтқыштарды шаруашылықта қолдану жоспарлары мен жүйелерін құру
			2-3) Жер жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу және әр түрлі табиғат жағдайында және материалдық-техникалық жағдайларда басқарушылық шешім қабылдау
3	Топырақ құнарлылығы, астық және тауарлық өнім	Ауылшаруашылық техникасы (Тракторлар, комбайндар, механикаландырылған агрегаттар, жабдықтар) Зертханалық жабдық, стандарттар, нормативтік құжаттама	3-1) Шаруашылық жүргізуші субъектілерде тыңайтқыштар мен мелиоранттарды қолдану тиімділігін экологиялық және экономикалық бағалау
			3-2) Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық таза өнім алуды қамтамасыз ету

## 5 Кесте. СБШ 3-деңгейі агрохимигінің құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
1-1)	Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жерлеріне агрохимиялық зерттеу жүргізу және топыраққа, өсімдікке химиялық талдау жасау міндеттерін орындау үшін жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жерлеріне агрохимиялық зерттеу жүргізу және топыраққа, өсімдікке химиялық талдау жасау	Ауылшаруашылық тың пайдалы жерлерін топырақтық зерттеу тәсілдері мен әдістері, өсімдіктерді тыңайту ерекшеліктері және оны реттеу әдістері, топырақты тиімді пайдалану әдістері мен тәсілдері, өсімдік ағзасында жүретін физиологиялық үдерістердің маңызы, өсімдіктердің өнімділігін реттеу әдістері, егіншілік заңдары, өсімдіктің тіршілік ету факторлары және оларды реттеу әдістері
1-2)	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, топырақ карталары мен агрохимиялық картограммаларды құру үшін жауапкершілікті көздейтін,	Топыраққа, өсімдіктер тыңайтқыштарға химиялық талдау жасау, топырақты тыңайту элементтерімен	Топырақ құнарлылығын бағалау және топырақтық карталар мен картограммалар құру, агрохимиялық талдау әдістері, өсімдіктердің тыңайту

	басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	қамтамасыз ету картограммасын құру, топырақтық картограмма құру	элементтеріне қажеттілігін анықтау және агрохимиялық карта құру
2-1)	Топырақ құнарлылығын қалпына келтіру бойынша шараларды әзірлеу үшін жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Өсімдіктердің тыңайту элементтеріне қажеттілігін анықтау, тыңайтқыш себудің тиімді мерзімдері мен тәсілдері, технологиясы. Тыңайтқыштарды ауыспалы егіске қолданудың табиғат қорғау жүйесін әзірлеу	Өсімдіктердің өнімділігін реттеу әдістері, егіншілік заңдары, өсімдіктің тіршілік ету факторлары және оларды реттеу әдістері, өсімдіктерді тыңайту ерекшеліктері және оны реттеу әдістері, тыңайтқыш себудің тиімді мерзімдері мен тәсілдері, технологиясы; ауылшаруашылық өнімдерін күтіп-баптау технологиясы, ауылшаруашылық машиналарын, жабдықтарын реттеу (тыңайтқыштар мен мелиоранттарды себу үшін), орындалған жер жұмыстарының сапасын бағалау
арттырудың, қызметкерлерді аттестаттаудың, еңбекті ынталандыру жүйесінің  
және тағы басқалары функционалдық модельдеріне қатысты ішкі, корпоративтік  
стандарттары әзірленуі мүмкін.

4. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір қызмет түрі шеңберінде еңбек  
міндеттерін сапалы орындауға дайын болуы;

2) біліктілік деңгейі/біліктіліктің деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің  
стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын  
қызметкерлер құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы;

3) еңбек мәні – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау  
мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;

4) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге  
айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті  
құзыреттіліктердің тұтас жиыны мен құрамдастырылған кәсіби қызмет  
саласының құрама бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін  
шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

7) кәсіптік қызмет саласы – біріккен ортақ (ұқсас және қызметі жақын  
объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) негізі бар және оларды  
орындау үшін ұқсас құзыреттер жинағы бар сала қызметі түрлерінің жиынтығы  
негізгі және қосалқы атқарымдарды іске асыруды көздейтін сала қызметінің бір  
бөлігі;

8) кәсіби стандарт - кәсіптік қызметтердің нақты саласындағы еңбек  
мазмұнына, сапасына, жағдайына және қызметкер құзыретіне қойылатын  
талаптарды айқындайтын стандарт;

9) кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі; кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

11) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдастырушылық – әкімшілік жүйесіндегі функционалдық орын;

13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

14) сала – бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдық карта – әр түрлі кәсіптік қызметтер саласында немесе шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын қызмет түрлерінің, атқарымдары мен міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы.

5. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

КҚ – кәсіптік қызмет;

ҚТ – қызмет түрі;

КС – кәсіби стандарт;

ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

БТБА – Қазақстан Республикасы жұмыс және жұмысшылар кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамасы.

## **2. Кәсіби стандарттың паспорты**

6. Экономикалық қызметтің түрі (кәсіптік қызмет саласы): Етті қайта өңдеу мен консервілеу және ет өнімдерін жасау.



7. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты : сойылған малдың етін шұжық жасау үшін сылу, сіңірден тазалау, бөлшектеу, шұжық өнімдерін, жартылай ет өнімдерін қуыру, пісіру, ыстау, кептіру, суыту, шұжық өнімдерін, ет жартылай өнімдерін шығаруды ұйымдастыру және технологиялық процесін бақылауға алу.

Кәсіби стандарт "Етті қайта өңдеу мен консервілеу және ет өнімдерін жасау" кәсіптік қызмет саласында еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына, қызметкердің біліктілігі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды айқындайды.

8. Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы Кәсіби стандартының 1–қосымшасында көрсетілді.

Стандарт талаптары осы саланың мынадай қызмет түрлері мен кәсіптеріне қатысты қолданылады:

етші;

шұжық өндірісі операторы;

техник-технолог.

### **3. Еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкасы**

#### **Параграф 1. Етші**

9. СБШ – 2 бойынша біліктілік деңгейі.

10. Мүмкін болатын лауазым атауы: етші.

11. "Етші", ауыл шаруашылығы малдарын сою және бастапқы өңдеу жөніндегі кәсіби субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

12. Етшінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

13. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

14. Етшінің орындайтын еңбек іс–әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

15. Етшінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 5 кестесінде көрсетілді.

#### **Параграф 2. Шұжық өндірісі операторы**

16. СБШ – 2 – 3 бойынша біліктілік деңгейі.

17. Мүмкін болатын лауазым атауы: шұжық өндірісі операторы.

18. "Шұжық өндірісі операторы", шұжық тағамдары мен жартылай ет өнімдерін әзірлеу үшін шикізат дайындау кәсібі субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

19. Шұжық өндірісі оператордың еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

20. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

21. Шұжық өндірісі оператордың орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

22. Шұжық өндірісі оператордың құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 5, 6 кестелерінде көрсетілді.

### **Параграф 3. Техник - технолог**

23. СБШ – 3 – 4 бойынша біліктілік деңгейі.

24. Мүмкін болатын лауазым атауы: техник – технолог.

25. "Техник–технолог", шұжық тағамдары мен жартылай ет фабрикаттарын технологиялық өндіру үдерісін ұйымдастыру, технологиялық жабдықтарға қызмет көрсету және реттеу жөніндегі кәсібі субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

26. Техник–технологтың еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

27. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

28. Техник–технологтың орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

29. Техник – механиктің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 5, 6 кестелерінде көрсетілді.

## Қызмет, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері

Рет . №	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының үрдістерін ескерумен кәсіптің атауы	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуішінің "Қызметтердің жіктеуіші" 01-2005	С Б Ш біліктілік деңгейі
1.	Ауыл шаруашылығы малдарын сою және бастапқы өңдеу	Етші	Мал союшы, ет бұзушы, ет және ішек-қарынды тазалаушы	2
2.	Шұжық тағамдары мен жартылай ет өнімдерін әзірлеу үшін шикізат дайындау	Шұжық өндірісі операторы	Жартылай ет фабрикаттарын әзірлеуші, шұжық өнімдерін қалыптаушы, ет тартушы, тартылған ет дайындаушы желінің операторы, пісірілген шұжықты өндіретін автоматтың операторы	2-3
3.	Шұжық тағамдары мен жартылай ет фабрикаттарын технологиялық өндіру үдерісін ұйымдастыру, технологиялық жабдықтарға қызмет көрсету және реттеу	Техник – технолог	Техник – технолог, техник – механик	3-4

"Ет және ет өнімдерін өндіру"  
кәсіптік стандартының  
2-қосымшасы

## Етші

### 1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтердің жіктеуіші" 01 – 2005			
Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші			
Базалық топ	"Ет және ет өнімдерін жасау", 1225		
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамалығы (БТБА)			
БТБА шығарылымы, бөлімі	49 – шығарылым, "Ет өнімдерін жасау", 29 қазан 2012 жылы № 415-ө-м (ӘМ № 8103 23.11.2012 ж.)		
БТБА бойынша кәсіп	Мал союшы	Ет бұзушы	Ет және ішек-қарынды тазалаушы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары		
2	2-6	3-5	2-4
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы			
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар		
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары			
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар		

### 2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Мал соятын кәсіпорындар, пункттер және цехтар, фермерлік шаруашылықтар, мал және сойылған мал өнімдерін өндейтін кәсіпорын	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсері; ауаның төмен немесе жоғары температурасы; еңбек қорғау ережесі; өндірістік санитария; өрт, электр және техникалық қауіпсіздік ережелері, жеке қорғану заттарын пайдалану ережесі	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
2	Жалпы орта білімі болғанда қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту	Оқу кезінде

### 3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

Еңбек функцияларының №	Еңбек функцияларының атауы (кәсіби стандартының бірліктері)
1	Жұмыс машиналары мен механизмдерін таңдау, қабылдау және жұмысқа қосу
2	Түрлі ауылшаруашылық техникасын жөндеу және профилактикалық техникалық қызмет көрсету
3	Жою, жөндеу жұмыстарының сапасын талдау жасау

### 4 Кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Жеке қорғану элементтері, малды талдыруға арналған конвейер (бокстар)	Арнайы киім (резеңке етік, алжапқыш, қолғап), сайман, мүлік, көмекші құралдар (балға, электр қысқыштар)	1-1) Ауыл шаруашылық малдарын түрлері бойынша сұрыптау, бокстарды, конвейерлерді, малды талдыруға арналған саймандарды дайындау
	Конвейерлер, аспалы жолдар	Транспортерлер, көмекші құралдар, қан ағызуға арналған астаулар, қан құюға арналған ыдыстар	1-2) Сойылатын малдарды сою және қанын ағызу, қан жинау
	Мал терісін сыдыруға арналған конвейер	Пышақ жиынтығы, көтергіш механизмдер, шынжырлар	1-3) Мал терісін сыдыру
	Конвейерлік және стационарлық столдар	Пышақ жиынтығы	1-4) Басын, мүйізін, сирақтарын бөлек алу, қабырғасын сөгу

2	Конвейерлер, аспалы жолдар	Механикалық аралар, дискілік пышақтар, пышақтар жинағы	2-1) Малдың еті мен ішек-қарынын сіңірден тазалау, бөлшектеу
			2-2) Мал етін сүйектен тазалау үшін , малдың тұтас етін, жарты етін, ширек етін бұзу
			2-3) Арамен кесу (мүйізді ірі қара мен шошқаның тұтас еті)
3	Малдың дайын тұтас еті, жарты еті, шұжық тағамдары, жартылай фабрикаттар, ішек-қарын	Бақылау – өлшеу аспаптары	3-1) Дайын өнімнің сапасын бағалау
			3-2) Мал етін өткізуге, әрі қарай өңдеуге жіберу

## 5 Кесте. СБШ 2–деңгейі темір ұстасы–жөндеушісі құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
1-1)	Ауыл шаруашылығы малдарын түрлері бойынша бокстарға айдап кіргізу және сұрыптау кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Малды талдыратын орынға айдап кіргізу, ауыл шаруашылығы малдарын сұрыптау	Ауыл шаруашылығы малдарының түрлері
1-2)	Мал сою және қанын ағызу, қанын жинау кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Қолданылатын саймандарды, жабдықтарды пайдалану	Малды талдыру түрлері; пышақтарды қайрау және түзеу түрлері және тәсілдері; тұсаулайтын шынжырларды салу және талдырылған малды көтеру; малдың қанын ағызу және қанын жинау үдерісі
1-3)	Мал терісін сыдыру кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Мал тұсаулайтын шынжырларды салу және талдырылған малды көтеру; мал терісін механикалық жолмен сыдыру кезінде теріні шынжырмен бекіту; қолданылатын саймандарды, жабдықтарды пайдалану	Өңделетін мал түрінің анатомиялық құрылысы; мал сою және өңдеу кезінде өндірістік ақауларды болдырмау ережесі және тәсілдері; пышақтарды қайрау және түзеу түрлері және тәсілдері
	Малдың басын, мүйізін, сирақтарын бөлек алу,		

1-4)	қабырғасын сөгу кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	өндірістік ақауларды болдырмау тәсілдері; қолданылатын саймандарды, жабдықтарды пайдалану	Өңделетін мал түрінің анатомиялық құрылысы; малдың барлық түрлерін өңдеу бойынша операциялар кешенінің технологиялық үдерісі; пышақтарды қайрау және түзеу түрлері және тәсілдері; қызмет жасалатын желінің құрылысы
2-1)	Сойылатын малдың еті мен ішек-қарнын сіңірден тазалау және бөлшектеу кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Әр түрлі мал еті мен ішек-қарнын сіңірден тазалау, нормативтер мен амалдарды сақтай отырып сүйектен ажыратылған етті сұрыбы бойынша белгіленген көлемдегі кесектерге бөлу және бөлшектеу; өндірістік ақауларды болдырмау тәсілдері; қолданылатын саймандарды, жабдықтарды пайдалану	Малдың бұлшық еті, байланыс және май тканьдерінің анатомиялық құрылысы; мал етін сіңірден тазалау және бөлшектеу бойынша технологиялық нұсқаулық талаптары; малдың әр түрлі тұтас еті мен ішек-қарнының сапалық белгілері және өндірістік пайдаланылуы
2-2)	Сойылатын малдың тұтас етін бұзу кезіндегі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Әр түрлі мал еті мен ішек – қарнын сіңірден тазалау, нормативтер мен амалдарды сақтай отырып сүйектен ажыратылған етті сұрыбы бойынша белгіленген көлемдегі кесектерге бөлу және бөлшектеу; өндірістік ақауларды болдырмау тәсілдері; қолданылатын саймандарды, жабдықтарды пайдалану	Мал етін бұзу ережесі, мал етін, ішек – қарнын тазалаудың, ішек – қарынды тазартудың технологиялық талаптары; май, бұлшық ет және байланыстыру ұлпалары орналасатын жерлері; малдың әр түрлі тұтас еті мен ішек – қарнының сапалық белгілері және өндірістік пайдаланылуы
2-3)	Малдың тұтас етін арамен кесу кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Өндірістік ақауларды болдырмау тәсілдері; қолданылатын саймандарды, жабдықтарды пайдалану	Малдың барлық түрлерінің анатомиялық құрылысы; малдың барлық түрлерін өңдеу бойынша операциялар кешенінің технологиялық үдерісі; қызмет жасалатын желінің құрылысы; малдың тұтас етін ет-сүйекті жартылай фабрикаттарға және өлшеп буылған етке бөлшектеп сұрыптап бұзуға арналған мемлекеттік стандарт
3-1)	Өнім сапасын бағалау кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру	Малдың тұтас етінің, жарты етінің, етінің және ішек-қарнының сапалық белгілерін анықтау	Ақау түрлері және оларды жою және алдын алу тәсілдері; мал сою және өңдеу кезіндегі өндірістік ақау, өнім сапасын

	бойынша орындаушылық қызмет		ветеринарлық-санитарлық бағалау әдістері; семіздігі бойынша сұрыптау
3-2)	Әрі қарай өңдеуге жіберу кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Сойылатын малдың тұтас етінің әр түрлі бөліктерінің өндірістік қолданылуын белгілеу	Техникалық шарттар; өңдеу нормасы; дайын өнімнің сапасына қойылатын талаптар

"Ет және ет өнімдерін өндіру" кәсіптік стандартының 3-қосымшасы

## Шұжық өндірісі операторы

### 1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтердің жіктеуіші" 01-2005					
Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші					
Базалық топ	"Ет және ет өнімдерін жасау", 1225				
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамалығы (БТБА)					
Б Т Б А шығарылымы, бөлімі	49 – шығарылым, "Ет өнімдерін жасау", 29 қазан 2012 жылы № 415-ө-м (ӘМ № 8103 23.11.2012 ж.)				
Б Т Б А бойынша кәсіп	Жартылай ет фабрикаттарын әзірлеуші	Шұжық өнімдерін қалыптаушы	Е т тартушы	Тартылған етті дайындайтын желінің операторы	Пісірілген шұжық өндіретін автоматтың операторы
С Б Ш біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары				
2	2	4	4	5	4
3	3 – 4	5 – 6	5 – 6	6	5
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы					
С Б Ш біліктілік деңгейі	Санаттар				
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары					
С Б Ш біліктілік деңгейі	Санаттар				

### 2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Мал соятын кәсіпорындар, пункттер және цехтар, фермерлік шаруашылықтар, мал және сойылған мал өнімдерін өндейтін кәсіпорын	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсері; ауаның төмен немесе жоғары температурасы; еңбек қорғау ережесі; өндірістік санитария; өрт, электр және техникалық қауіпсіздік ережелері, жеке қорғану заттарын пайдалану ережесі.	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
2	Жалпы орта білімі болғанда қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту	Жұмыс орнында оқу кезінде, нұсқама.
3	Техникалық білім	СБШ 2-деңгейінде 1 жыл
	Техникалық білім, практикалық жұмыс тәжірибесі	Талап етілмейді

### 3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

Еңбек атқарымының №	Еңбек атқарымының атауы (кәсіби стандартының бірліктері)
1	Шұжық өнімдерін және жартылай ет фабрикаттарын қалыптауға арналған негізгі және көмекші шикізатты және материалдарды іріктеу және дайындау
2	Шұжық өнімдерін, жартылай ет фабрикаттарын қуыру, пісіру, қактау, салқындату
3	Дайын өнімнің сапасын бақылау және өткізу

### 4 Кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

Еңбек атқарымының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-қимылдар)
1	Малдың жарты еті, салқындатылған немесе мұздатылған ет, шпик, дәмдеуіштер, табиғи немесе жасанды қабық, кендір жіп, бақылау-өлшеу аспаптары	Жалпақ және ұзын жүзі бар арнайы пышақтар, куттер, ет тартқыш, пісіруге арналған формалар	1-1) Ет тарту, шұжық өнімдерін қалыптауға арналған негізгі және көмекші материалдарды даярлау
			1-2) Ұсақ кесекті және ірі кесекті жартылай ет фабрикаттарына арналған шикізатты іріктеу және дайындау
		Аспалы жақтаулар, қуыратын камералар, пісіру шкафтары,	2-1) Шұжық өнімдерін және жартылай ет



2	Шұжық тағамдары, жартылай фабрикаттар	пісіруге арналған камералар, термометр, душ, тоңазытқыш камера, пісіруге арналған формалар, бақылау-өлшеу аспаптары	фабрикаттарын технологиялық қуыру, пісіру, қақтау, салқындату үдерісі
3	Дайын өнім	Ағаш, полимер жәшіктер; қаптайтын ыдыс, затбелгі таңбасы, тоңазытқыш көлік құралы	3-1) Дайын өнімнің сапасын бақылау және өткізу

## 5 Кесте. СБШ 2 – деңгейі шұжық өндіру операторы құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
1-1)	Шұжық өнімдерін қалыптауға арналған шикізатты іріктеу және дайындау кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Шұжық өнімдерін дайындау, жасау және қалыптау үдерістерін жүргізу, қолданылатын саймандарды, жабдықтарды пайдалану	Рецептуралар; шығарылатын өнімнің, технологиялық үдерістің ассортименті
1-2)	Жартылай ет фабрикаттарын қалыптауға арналған шикізатты іріктеу және дайындау кезіндегі шектеулі жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Дайындау үдерісін жүргізу, жартылай ет фабрикаттарын қалыптау, қолданылатын саймандарды, жабдықтарды пайдалану	Табиғи жартылай фабрикаттарды өңдеуге арналған малдың тұтас еті бөліктерінің қолданылуы; шығарылатын өнімнің ассортименті; технологиялық үдеріс, технологиялық тәртіп
3-1)	Шұжық өнімдерін және жартылай ет фабрикаттарын технологиялық қуыру, пісіру, қақтау, кептіру, салқындату үдерісін жүргізу кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Қаттау және қалыптау; қолданылатын саймандарды, жабдықтарды пайдалану	Технологиялық сызба, техникалық нұсқаулық талаптары; дайын өнімге арналған стандарттар мен техникалық шарттар; шикізат пен компоненттерінің рецептурасы, өңдеу тәртібі және сапалық белгілері; қауіпсіздік техникасы

## 6 Кесте. СБШ 3-деңгейі шұжық өндіру операторы құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
		Шұжық өнімдерін дайындау, жасау	

2-1)	Шұжық өнімдерін қалыптауға арналған шикізатты іріктеу және дайындау кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	және қалыптау үдерістерін жүргізу, қолданылатын саймандарды, жабдықтарды пайдалану	Рецептуралар; шығарылатын өнімнің, технологиялық үдерістің ассортименті
2-2)	Жартылай ет фабрикаттарын қалыптауға арналған шикізатты іріктеу және дайындау кезіндегі шектеулі жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Дайындау үдерісін жүргізу, жартылай ет фабрикаттарын қалыптау, қолданылатын саймандарды, жабдықтарды пайдалану	Табиғи жартылай фабрикаттарды өңдеуге арналған малдың тұтас еті бөліктерінің қолданылуы; шығарылатын өнімнің ассортименті; технологиялық үдеріс, технологиялық тәртіп
3-2)	Шұжық өнімдерін және жартылай ет фабрикаттарын технологиялық қуыру, пісіру, қақтау, кептіру, салқындату үдерісін жүргізу кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Қаттау және қалыптау; қолданылатын саймандарды, жабдықтарды пайдалану	Технологиялық сызба, техникалық нұсқаулық талаптары; дайын өнімге арналған стандарттар мен техникалық шарттар; шикізат пен компоненттерінің рецептурасы, өңдеу тәртібі және сапалық белгілері; қауіпсіздік техникасы

"Ет және ет өнімдерін өндіру"  
кәсіптік стандартының  
4-қосымшасы

## Техник-технолог

### 1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтердің жіктеуіші" 01 – 2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші	
Базалық топ	"Ет және ет өнімдерін жасау" 1225
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	-
БТБА бойынша кәсібі	Техник–технолог
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
	Техник – технолог
3	-

4	-
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар

## 2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Шұжық цехтарындағы, тамақ кәсіпорны және өңдеуші өнеркәсіптердегі жабдықталған және аттестатталған жұмыс орындары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы		Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсері; ауаның төмен немесе жоғары температурасы, ауаның ылғалдығы; еңбек қорғау ережесі; өндірістік санитария; өрт, электр және техникалық қауіпсіздік ережелері, жеке қорғаныс заттарын пайдалану ережесі
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары		Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық білім, практикалық жұмыс тәжірибесі, біліктілікті арттыру	СБШ 2–деңгейінде 2 жыл
4	Дуалды жүйе бойынша технологиялық және кәсіптік білім біліктілігінің жоғарылатылған деңгейі	Талап етілмейді

## 3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

Еңбек атқарымының №	Еңбек атқарымының атауы
1	Технологиялық желідегі барлық машиналардың дұрыстығын тексеру, ақауларды жою
2	Шұжық тағамдары мен жартылай ет фабрикаттарын технологиялық өндіру үдерісін ұйымдастыру және бақылау
3	Сапа көрсеткіштерін бақылау, шұжық тағамдары мен жартылай фабрикаттарды өткізуге жіберу

## 4 Кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттері (еңбек іс-қимылдары)
1	Толассыз механикаландырылған желілер	Жұмыс саймандары; дәмдеуіштерге, тұзға, суға арналған мөлшерлеуіштер; етті майдалап турайтын агрегаттар; тензометриялық таразылар, тартылған еттің құрамдас заттарын араластыруға арналған машиналар; тартылған	1 - 1 ) Қолданылатын жабдықтың дұрыстығын тексеру, жұмысын

		етті шприцтеу цехына жіберуге арналған сорғы	реттеу, ақауларын жою
2	Негізгі және көмекші шикізат	Технологиялық жабдық	2-1) Шұжық тағамдары мен жартылай ет фабрикаттарының барлық ассортиментін әзірлеу тәртібін дайындау
	Термикалық өңдеу қондырғылары, жартылай фабрикаттар	Қайнатқыш қазандар; автоыстағыштар; пісіргіш, бумен пісіргіш, ыстағыш және кептіргіш камералар, жақтаулар, нысандар	2-2) Шұжық тағамдары мен жартылай ет фабрикаттарын технологиялық өндіру үдерісін жүргізу
3	Дайын шұжық тағамдары және жартылай ет фабрикаттары	Қаптайтын ыдыс; өнімді таңбалау тәсілдері, қаптама материалдар; тоңазытқыш камера	3-1) Сапа көрсеткішін бақылау; шұжық тағамдары мен жартылай ет фабрикаттарын өткізуге жіберу

## 5 Кесте. СБШ 3–деңгейі техник–технологының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
1-1)	Жабдық жұмысының дұрыстығын тексеру, реттеу кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Қазіргі заманғы технологиялық жабдықты баптау және ақауларын жою	Қазіргі заманғы технологиялық жабдықтың жұмыс істеу қағидаты; жабдықтың құрылысы және жұмыс істеу тәртібі; ақау түрлері; шығарылатын өнімнің сапасына қойылатын талаптар
1-2)	Қолданылатын жабдықтың ақауларын жою кезіндегі шектеулі жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Қазіргі заманғы технологиялық жабдықты баптау және ақауларын жою	Қазіргі заманғы технологиялық жабдықтың жұмыс істеу қағидаты; жабдықтың құрылысы және жұмыс істеу тәртібі; ақау түрлері; шығарылатын өнімнің сапасына қойылатын талаптар

3-1)	Дайын өнімнің сапасын анықтау кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Дайын өнімнің сапалық белгілерін, кемшілік түрлерін анықтау	Дайын өнімнің сапасына қойылатын нормативтік-техникалық құжаттама талаптары
3-2)	Жұмыс орнына қызмет көрсету кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Залалсыздандыру құралдарын пайдалану	Санитарлық норма талаптары

## 6 Кесте. СБШ 4–деңгейі техник–технологының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімі
2-1)	Шұжық тағамдары мен жартылай ет фабрикаттары ассортиментін әзірлеу тәртібін дайындау кезіндегі жауапкершілікті, бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Өндірістің технологиялық үдерістерінің сызбалары мен режимдерін әзірлеу	Шығарылатын өнімді ұйымдастыру қағидаты; технологиялық тәртіптері; ассортименті және рецептурасы; технологиялық үдерістерді әзірлеу
2-2)	Шұжық тағамдары мен жартылай ет фабрикаттарын технологиялық өндіру үдерісін жүргізу кезіндегі бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Шұжық батондарын жақтауларға реттеп салу, кіріс және шығыс деректерін көрсетіп толтырылған жақтауға төлқұжат ілу	Технологиялық нұсқаулықтар, сызбалар, режимдер; жабдық жұмысын әзірлеу және реттеу; дайын өнімнің сапалық белгілерін, кемшіліктерін анықтау

### 4. Осы кәсіби стандарт негізінде берілетін сертификаттар түрлері

### 5. Кәсіби стандартты әзірлеушілер

PRC "Career-Holdings"

### 6. Келісу парағы

Ұйым атауы	Келісілген күні
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің техникалық және кәсіптік білімді және кадрлар даярлауды дамыту бойынша салалық кеңесі	

## 7. Кәсіби стандарттың сараптамасы және тіркелуі

Осы кәсіби стандарт \_\_\_\_\_ бекітілді және тіркелді.

Кәсіби стандарттар тізіліміне енгізілді. Тіркеу № \_\_\_\_\_

Хат (хаттама) № \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы Министрінің  
2013 жылғы 30 қыркүйектегі  
№ 20/460 бұйрығының  
6-қосымшасы

### "Сүт өнімдерін өндіру" кәсіптік стандарты

#### 1. Жалпы ережелер

##### 1. Кәсіби стандарт:

еңбек нарығының қазіргі заман қажеттілігіне жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға, кәсіби қызметтің мазмұнына бірыңғай талаптарды анықтауға;

қызметкерлерді басқару саласында кең шеңбердегі міндеттерді шешуге;

білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сонымен қатар тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

кәсіби даярлықтарын бағалауды жүргізуге және мамандардың біліктілік сәйкестігін растауға арналған.

##### 2. Кәсіби стандарттардың негізгі қолданушылары:

білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, ұйымдардың қызметкерлерді басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

кәсіптік даярлықтарын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. Кәсіби стандарттардың негізінде қызметтің, лауазымның, біліктілікті арттырудың, қызметкерлерді аттестаттаудың, еңбекті ынталандыру жүйесінің және тағы басқалары функционалдық модельдеріне қатысты ішкі, корпоративтік стандарттары әзірленуі мүмкін.

##### 4. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір қызмет түрі шеңберінде еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болуы;

2) біліктілік деңгейі/біліктіліктің деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы;

3) еңбек мәні – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс–қимылы бағытталатын зат;

4) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиыны мен құрамдастырылған кәсіби қызмет саласының құрама бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс – қимылдар жиынтығы;

7) кәсіптік қызмет саласы – біріккен ортақ (ұқсас және қызметі жақын объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) негізі бар және оларды орындау үшін ұқсас құзыреттер жинағы бар сала қызметі түрлерінің жиынтығы негізгі және қосалқы атқарымдарды іске асыруды көздейтін сала қызметінің бір бөлігі;

8) кәсіби стандарт – кәсіптік қызметтердің нақты саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына және қызметкер құзыретіне қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

9) кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі; кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

11) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдастырушылық-әкімшілік жүйесіндегі функционалдық орын;

13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен байланысты іс – қимыл жиынтығы;

14) сала – бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдық карта – әр түрлі кәсіптік қызметтер саласында немесе шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын қызмет түрлерінің, атқарымдары мен міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы.

5. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

КҚ – кәсіптік қызмет;

ҚТ – қызмет түрі;

КС – кәсіби стандарт;

ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

БТБА – Қазақстан Республикасы жұмыс және жұмысшылар кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы;

## **2. Кәсіби стандарттың паспорты**

6. Экономикалық қызметтің түрі (кәсіптік қызмет саласы):  
Ауылшаруашылығы: мал өсіру.

7. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты : сүт өнімдерін өңдеу машиналары мен жабдығын басқару мен бақылау, сүт өнімін өндірудің технологиялық процестерін берілген бағдарлама бойынша белгілі реттілікпен жүргізу, сүт және сүт өнімдерін шығару, сүт және сүт өнімдерін шығару үшін шикізатты қабылдау және дайындау.

Кәсіби стандарт сүт өнімдерін өндіру бойынша кәсіптік қызмет саласында еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына, қызметкердің біліктілігі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды айқындайды.

8. Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы Кәсіби стандартының 1–қосымшасында көрсетілді.

Стандарт талаптары осы саланың мынадай қызмет түрлері мен кәсіптеріне қатысты қолданылады:

сүт өнімдері аппаратшысы;

сүт өнімдері операторы;

сүт өнімдерін шығару жөніндегі шебер;

техник-технолог.

## **3. Еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкасы**

### **Параграф 1. Сүт өнімдері аппаратшысы**

9. СБШ – 3 – 4 бойынша біліктілік деңгейі.

10. Мүмкін болатын лауазым атауы: сүт өнімдері аппаратшысы.



11. Сүт және сүт өнімдерін өндірудің технологиялық процесін жүргізу жөніндегі кәсібі субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

12. Сүт өнімдері аппаратшысының еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

13. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

14. Сүт өнімдері аппаратшысының орындайтын еңбек іс–әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

15. Сүт өнімдері аппаратшысының құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 2–қосымшасының 5, 6 кестелерінде көрсетілді.

## **Параграф 2. Сүт өнімдері операторы**

16. СБШ – 3 бойынша біліктілік деңгейі.

17. Мүмкін болатын лауазым атауы: сүт өнімдері операторы.

18. "Сүт өнімдері операторы", механикаландырылған тасқынды және автоматты желілерде сүт өнімдерін шығару кәсібі субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

19. Сүт өнімдері оператордың еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

20. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

21. Сүт өнімдері оператордың орындайтын еңбек іс–әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

22. Сүт өнімдері оператордың құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 3–қосымшасының 5 кестесінде көрсетілді.

## **Параграф 3. Сүт өнімдерін шығару жөніндегі шебер**

23. СБШ – 3 – 4 бойынша біліктілік деңгейі.

24. Мүмкін болатын лауазым атауы: сүт өнімдерін шығару жөніндегі шебер.

25. "Сүт өнімдерін шығару жөніндегі шебер", сүт және сүт өнімдерін шығару жөніндегі кәсібі субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

26. Сүт өнімдерін шығару жөніндегі шеберінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

27. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

28. Сүт өнімдерін шығару жөніндегі шеберінің орындайтын еңбек іс–әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

29. Сүт өнімдерін шығару жөніндегі шеберінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 4–қосымшасының 5, 6 кестелерінде көрсетілді.

#### **Параграф 4. Техник – технолог**

30. СБШ – 5 бойынша біліктілік деңгейі.

31. Мүмкін болатын лауазым атауы: техник – технолог.

32. "Техник – технолог", сүт өнімдерін шығарудың технологиялық үдерістерін әзірлеу, енгізу және жүргізуге қатысу жөніндегі кәсібі субъектіні негізгі функцияны жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы Кәсіби стандартының 5–қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

33. Техник – технологтың еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 5–қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

34. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы Кәсіби стандартының 5–қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

35. Техник – технологтың орындайтын еңбек іс – әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы Кәсіби стандартының 5–қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

36. Техник – технологтың құзыреттеріне қойылатын талаптар осы Кәсіби стандартының 5–қосымшасының 5 кестесінде көрсетілді.

## Қызмет, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері

Рет . №	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының үрдістерін ескерумен кәсіптің атауы	ҚР 05-2008 МС мемлекеттік кәсіптер жіктеуішіне сәйкес кәсіптер атауы	СБШ біліктілік деңгей
1	Сүт және сүт өнімдерін өндірудің технологиялық процесін жүргізу	Сүт өнімдері аппаратшысы ( сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысы, сүтті қалпына келтіру аппаратшысы, ерітілген май аппаратшысы)	Сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысы, сүтті қалпына келтіру аппаратшысы, ерітілген май аппаратшысы	3 – 4
2	Механикаландырылған тасқынды және автоматты желілерде сүт өнімдерін шығару	Сүт өнімдері операторы	Сүт өнімдерін өндірудің автоматтандырылған желісі операторы, сүт өнімдерін пакеттер мен пленкаларға құю автоматының операторы, орау-қаптау автоматының операторы	3
3	Сүт және сүт өнімдерін шығару	Сүт өнімдерін шығару жөніндегі шебер (май шайқаушы, ірімшік жасаушы, қаймағы алынбаған және ашыған сүт өнеркәсібі шебері )	Май шайқаушы, ірімшік жасаушы, қаймағы алынбаған және ашыған сүт өнеркәсібі шебері	3 – 4
4	Сүт өнімдерін шығарудың технологиялық үдерістерін әзірлеу, енгізу және жүргізуге қатысу	Техник–технолог	Техник–технолог	5

"Сүт өнімдерін өндіру"  
кәсіптік стандартының  
2-қосымшасы

## 1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтердің жіктеуіші" 01 – 2005			
Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші			
Базалық топ	1224000 "Сүт өнімдерін шығару", 7413		
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамалығы (БТБА)			
БТБА шығарылымы , бөлімі	49-шығарылым, "Ет өнімдерін жасау", 29 қазан 2012 жылы № 415-ө-м (ӘМ № 8103 23.11.2012 ж.)		
БТБА бойынша кәсіп	Сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысы	Сүтті қалпына келтіру аппаратшысы	Ерітілген май аппаратшысы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары		
3	3	-	2-3
4	4	4	4

Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы			
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар		
-			
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары			
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар		

## 2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Сүт зауыттары, май шайқау және ірімшік жасау зауыттары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	жоқ	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білімі және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық білім	2-деңгейде 1 жыл
4	Техникалық білім, практикалық жұмыс тәжірибесі	СБШ 3–деңгейінде 1 жылдан кем емес

## 3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізбесі (кәсіптер еңбек функциялары)

Еңбек функцияларының №	Еңбек функцияларының атауы (кәсіби стандартының бірліктері)
1	Технологиялық жабдықты жұмыс істеуге дайындау
2	Сүт өнімдерін өңдеу машиналары мен жабдығын басқару мен бақылау
3	Жұмыс орны мен жабдықты жұмыс істеуге дайындау

## 4 Кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Механикаландырылған тасқынды желілер,	Жұмыс құралдары	1-1) Жабдықты жинау
			1-2) Технологиялық желідегі барлық машиналардың дұрыстығын тексеру

	Автоматты тасқынды желілер		1-3) Желі жұмысын реттеу және оның машиналарын майлау 1-4) Қазандарды жұмысқа дайындау
2	Қызмет жасалатын жабдық	Залалсыздандыру құралдары, су	2-1) Жабдықты бөлшектеу 2-2) Жабдықты тазалау, жуу және залалсыздандыру 2-3) Жұмыс орнын залалсыздандыру
3	Шикі сүт, сүт өнімдері (дайын өнім)	Жұмыс құралдары, механикаландырылған тасқынды желілер, автоматты тасқынды желілер, сорғылар, салқындатқыштар, сүзгілер, сүт тазартқыш сепараторлар, пастеризаторлар, стерилизаторлар	3-1) Түрлі үлгідегі машиналарда сүтті қалпына келтіру үдерісін жүргізу 3-2) Сүтті қантпен, кофемен (какаомен), қоюлатылған сүтпен салқындау үдерісін жүргізу және сүтті қантты кристалдау 3-3) Сүт және сүт өнімдерін шығару үдерісін жүргізу 3-4) Зертханалық талдау деректері бойынша өнімнің дайын болуын анықтау

### 5 Кесте. СБШ 3-деңгейі сүт өнімдері аппаратшысының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
1-1) 1-2) 1-3) 1-4) 3-1) 3-2) 2-1) 2-2) 2-3)	Қойылған міндеттердің орындалуына жауапкершілікті, өз еркімен жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Өзін – өзі бағалау, өзін – өзі билеу және өзін – өзі ұйымдастыру дағдыларын білдіреді. Қойылған нормалар, еңбек мәні мен құралдарын орындау амалдарын өздігінен көрсетеді	Еңбек мәнін қайта құру, жоспарлау және ұйымдастыру технологиясы туралы, кәсіптік қызметтердің типтік жағдайларында міндеттерді өз еркімен орындай білу

### 6 Кесте. СБШ 4 – деңгейі сүт өнімдері аппаратшысының құзыретіне қойылатын талаптар

--	--	--	--

Міндеттердің №	Жеке және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білім
2-4)	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, нәтижелер үшін жауапкершілікті көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық – басқарушылық қызмет	Өзін – өзі билеу және өзін – өзі нормалау дағдыларын білдіреді. Берілген тапсырмаларды нақтылайды, бағынышты қызметкерлерге міндет белгілейді, қызмет нәтижелерін бағалайды, білім мен білік кемшіліктерін анықтайды, қызметкерлерді кәсіби шеберлігін жоғарылатуға ынталандырады	Кәсіптік міндеттерді белгілеу және шешу амалдары, қағидаты және тәсілдері туралы, қарым – қатынас этикасы және психологиясы туралы, ойлау және қызмет ету рефлексиясы туралы, еңбекке ынталандыру тәсілдерін білу

"Сүт өнімдерін өндіру"  
кәсіптік стандартының  
3-қосымшасы

## 1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтердің жіктеуіші" 01 – 2005

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші

Базалық топ 1224000 "Сүт өнімдерін шығару", 7413

Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)

БТБА шығарылымы, бөлімі 49 – шығарылым, "Ет өнімдерін жасау",  
29 қазан 2012 жылы № 415-ө-м  
(ӘМ № 8103 23.11.2012 ж.)

БТБА бойынша кәсіп	Сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысы	Сүтті қалпына келтіру аппаратшысы	Ерітілген май аппаратшысы
--------------------	---	-----------------------------------	---------------------------

СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары
------------------------	-------------------------

3	4	5	3-5
---	---	---	-----

Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы

СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
------------------------	----------

-

Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
------------------------	----------

## 2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Сүт зауыттары, май шайқау және ірімшік жасау зауыттары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	жоқ
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес

